




INSTITUTE FOR  
WAR & PEACE REPORTING



**ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫНЫҢ ЖАЙ-  
КҮЙІН, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ ТАЛДАУҒА  
НЕГІЗДЕЛГЕН ШОЛУ**

*Алматы, 2023*





Қазақстандағы соғыс және бейбітшілік репортаждарының институты  
Әл-Фараби даңғылы, 7, пәтер 5А  
Алматы,  
А15Е3В3,  
Қазақстан Республикасы  
Телефон: +77014090668  
Вебсайт: [www.belief.cabar.asia](http://www.belief.cabar.asia)  
Пошта: [ayan@iwpr.net](mailto:ayan@iwpr.net)

© IWPR, 2023

Талдамалық есеп Қазақстандағы соғыс және бейбітшілік репортаждары институты іске асырып жатқан «Қазақстандағы діни сенім бостандығы» жобасы бойынша әзірленді.

Институт осы есепті әзірлеген Құқықтық Медиа орталығының мамандарына және зерттеудің тиімді өтуіне үлес қосқан барлық азаматтарға ерекше алғысын білдіреді. Талдамалық есептің қорытынды ұсынымдары респондент сарапшылардың пікірлеріне сәйкес келмеу мүмкіндігін назарыңызға саламыз.

Келесі шарттар орындалған жағдайда талдамалық есепті көшіруге, таратуға, пайдалануға және сілтеме жасауға рұқсат етіледі:

- (1) IWPR авторлығын көрсету;
- (2) коммерциялық мақсатта пайдаланбау.

Осы есептегі ақпаратқа сүйеніп шығарылған өзге материалдардың көшірмесін жолдаған азаматтарға IWPR атынан алдын ала ризашылық білдіреміз

# МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b>	<b>3</b>
<b>1. АР-ОЖДАН БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ДІН (ДІНИ БОСТАНДЫҚ) САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТАЛДАУ</b>	<b>5</b>
1.1 Ар-ождан, дін және діни қызмет бостандығы бойынша адамның құқықтары: конституциялық-құқықтық пен заңнамалық реттеулер және осы бағыттағы даму үрдістері	5
1.2 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының нормаларына интерпретация беру және қолдану мәселелері: «діни қызмет», «діни бірлестік», «дінтану сараптамасын жүргізетін сарапшылар»	9
1.3 Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманы бұзғаны үшін қарастырылған әкімшілік және қылмыстық жауаптылық	13
<b>2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АР-ОЖДАН ЖӘНЕ ДІН БОСТАНДЫҒЫ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМАСЫН ҚАЗАҚСТАН ТАРАПЫНАН РАТИФИКАЦИЯЛАҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ</b>	<b>23</b>
2.1 Бас киім және діни атрибутика	26
2.2 Діни бірлестіктерді тіркеу мәселелері	29
2.3 Діни сенім бостандығы құқығын іске асырудың өзге де мәселелері	32
<b>3. ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕР, АР-ОЖДАН ЖӘНЕ ДІН БОСТАНДЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР</b>	<b>35</b>

# КІРІСПЕ

Қазақстандағы адам құқықтарын қорғау саласында соңғы жылдары орын алған кейбір либерализация мен демократизация үрдісіне қарамастан, азаматтардың діни сенім бостандығына қатысты іргелі құқықтарын қамтамасыз ету бойынша өзекті мәселелер әлі де сақталып келеді. Ұлттық қауіпсіздікті қорғауға бағытталған заңдар және терроризмге қарсы құрылған жүйе діндар азаматтардың құқықтарын шектеп, кейбір жағдайда діни бірлестіктердің қызметін қатаң бақылауға арналған құрал ретінде пайдаланады.

Зерттеудің мақсаты – дін саласындағы мемлекеттік заңнаманы кешенді талдау, оның ішінде адамның діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету бойынша қайшылықтар мен кемшіліктерді анықтап, қолданыстағы заң нормаларын халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіру жолдарын қарастыру.

Талдау құжатында тәуелсіз сарапшылармен, діни бірлестіктердің мүшелерімен, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетінің мамандарымен, академиялық қауымдастық өкілдерімен жүргізілген консультациялық жұмыстардың нәтижелері ұсынылған.

Зерттеудің соңында дін саласындағы заңнаманы халықаралық ережелерге сәйкес жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленді.

## 1

### Негізгі қорытындылар мен ұсынымдар

Ар-ождан бостандығы жеке тұлға өз өмірінде жүзеге асыратындығын білдіреді және кез-келген діни ғибадат түрлерін өзге азаматтармен бірлесіп ұстану немесе ешқандай дінді ұстанбау еркіндігін қамтиды. Сол себепті де салалық заңнама, ең алдымен, жеке тұлғаның діни сенім бостандығын жүзеге асыруына кепілдік беруі тиіс. Алайда, қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының салалық заңы өзінің мәні бойынша конституциялық ар-ождан бостандығы нормаларына толық сәйкес келмейді және

діни сенім бостандығы құқығын сақтау мәселесіне келгенде діни бірлестіктердің қызметіне рұқсат ету жұмысымен ғана шектеледі. Яғни, салалық заңнама діни бірлестіктердің қызметін қадағалау тетіктерін күшейтіп, өзінің нысаналы мақсаты бойынша ар-ождан бостандығы құқықтарын іске асыру аясында заңғы қайшы келуі ықтимал әрекеттерден қоғамдық қауіпсіздікті шамадан тыс реттеуге бағытталған.

Осыған орай келесі түйіндеме шешімдер ұсынылады:

«Діни бірлестік» ұғымының анықтамасы мынадай редакцияда жазылсын: «діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде **діни қажеттіліктерін** қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі;»

Діни бірлестіктердің, олардың басшылары мен жекелеген діндарлардың қолданыстағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылығы бөлігінде әкімшілік және қылмыстық заңнаманың ережелерін заң саласындағы айқындылық пен болжамдылық қағидатына, сондай-ақ заңды мақсаттарға үйлесімділік (пропорционалдылық) қағидатына сәйкес келтіру мәселесін назарға алу.

Діни бірлестіктерді міндетті тіркеу талаптарының күшін жою және адамдардың діни сенім бостандығы құқықтарын толыққанды қамтамасыз етілуіне жағдай жасау, оның ішінде Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті ережелеріне сәйкес ресми ұйымдарды құру немесе құрмау еркіндігін беру.

«Білім туралы» заңда және Еңбек кодексінде, өзге адамдардың құқықтары шектелмеген жағдайда, азаматтардың (сәйкесінше оқушының немесе қызметкердің) діни киім кию құқығын, оның ішінде оқу немесе жұмыс орнында діни себептермен бас киім кию құқығын нақты айқындау.

Қылмыстық заңнамадағы «діни алауыздықты қоздыру» және «зорлық-зомбылық экстремизмді» насихаттау жағдайында көзделген жауаптылыққа тарту ережелеріне нақты әрі айқын анықтамаларды енгізу.

Кейбір сарапшылардың қосымша ұсынымдары:

Әкімшілік жауапкершілікті болдырмау мақсатында діни қызмет туралы заңнамадан сараптама жүргізу және хабарлама жіберу арқылы ғибадат шараларын өткізу жөніндегі талаптардың күшін жою.

Ағымдағы жағдайға сәйкес заңнамаға тиісті ұсыныстар мен ұсынымдар енгізіп отыру мақсатында діни бірлестіктерді тіркеу және миссионерлік қызмет салаларында тұрақты түрде зерттеулердің жүргізілуіне назар аудару қажет. Осы саладағы қызметкерлердің, әсіресе азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға жауапты мамандардың біліктілігін арттыру.

ӘҚБтК-да дін саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін қарастырылған айыппұл көлемін азайту.

Діни қауымдарды коммерциялық емес ұйымдар ретінде тіркеп, оларға кедергілер жасалмай, керісінше артықшылықтар (преференциялар) көзделуі тиіс.

Дискриминациялық ұстанымға негізделетін қолданыстағы заңның күшін жою және адам құқықтарын құрметтеу, қорғау және қолдау сияқты үш негізгі қағидаттарды басшылыққа алу қажеттілігіне мемлекеттік органдардың назарын аударту.

**Жоғарыда айтылған уәждемелерге негізделіп отырып, мемлекеттің қолданыстағы салалық заңнамасын қайта қарауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасындағы нормаларды халықаралық стандарттар мен міндеттемелерде көрсетілген ар-ождан мен діни сенім бостандығы құқықтарына, атап айтқанда, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің, ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы сарапшыларының және БҰҰ-ның Дін және сенім бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашысының ұсыныстарына сәйкестендіру мақсатында жаңа редакциядағы «Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығы туралы» заңын әзірлеуді ұсынамыз.**

# АР-ОЖДАН ЖӘНЕ ДІН (ДІНИ БОСТАНДЫҚ) САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТАЛДАУ

## 1.1

### Ар-ождан және діни бостандығы бойынша адамның құқықтары: конституциялық-құқықтық пен заңнамалық реттеулер және осы бағыттағы даму үрдістері

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс» (22-бап)<sup>1</sup> деген нормалар бекітілген.

Ар-ождан бостандығын айқындап тұрған бұл конституциялық нормалар Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында (бұдан әрі – «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы) көрініс тауып, оның кіріспесінде келесі ұстанымдар жарияланды:

«Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы

исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады»<sup>2</sup>.

Сарапшылардың арасында белгілі бір діндердің тарихи рөлі мен «Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін» діндердің орны құқықтық тұрғыдан негізделуіне не себеп болды және «рухани үйлесімділік» деңгейін кім анықтайды деген сұрақтар туындады. Бұл негіздемені құқықтық қатынастар субъектілеріне бағытталған қандай да бір идеологиялық ұстаным деп санауға бола ма?

Мысалы, заң ғылымдарының докторы Элизабет Сьюэлл айтқан пікірі бойынша, «зайырлы мемлекеттердің немесе шіркеу мен мемлекеттің бөлінуін бекіткен елдердің конституциялық ережелеріне сәйкес,

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы. Республикалық референдумда 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000483>

<sup>3</sup> Сьюэлл Э. Сравнительная характеристика светских государств и равенство религиозных организаций //Пределы светскости: общественная дискуссия о принципе светскости государства и о путях реализации свободы совести / сост.: А. Верховский. – М.: 2003. С. 53.

мемлекеттің тарапынан қандайда бір қауымдастықтың тарихи және мәдени рөлі немесе діни ұстанымдарының үйлесімді табиғаты негізінде оларға ешбір артықшылықтар берілмеуі тиіс»<sup>3</sup>.

Профессор Сурен Авакянның ойынша, мемлекеттің зайырлы сипаты оның діни ұйымдармен өзара ынтымақтастығын жоққа шығармайды, бірақ тараптар бір-бірінің қызметіне араласпауы қажет. Ал мемлекеттің материалдық қолдауының діни бірлестіктерге ғимараттар мен жер учаскелерін бөлу, салықтық жеңілдіктер беру сияқты жолдармен көрініс табуы үлкен қайшылық тудырмайды<sup>4</sup>.

Қазақстан Республикасы Конституцияда өзін зайырлы мемлекет ретінде жариялағанымен, мемлекеттің дін саласына ықпал ету әрекеттері әлі де орын алады. Мәселен, Қазақстандағы Бас мүфтиді сайлау кезінде орын алған жағдайға назар аударуға болады. 2013 жылғы 22 ақпанда Астана қаласында имамдарының кезектен тыс құрылтайы өткізілді. Сол жиында Қазақстанның бұрынғы мүфтиі Әбсаттар қажы Дербісәлі келесідей сөздерді айтып кетті: «Бірнеше апта бұрын мені еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев шақырды. Сонда мен оған 13 жыл өткенін, ғылыми жұмысқа ауысқым келетінін жеткіздім. Ол маған Сіз сол жерден келдіңіз және қайтып оралғыңыз келетінін түсінемін деді. Мен сол сөзді растап, қайтып оралғым келетінін, ғылыми жұмысты қатты сағынғанымды айттым»<sup>5</sup>.

Бұл диалог мемлекеттік қызметкер мен жоғары лауазымды адам арасындағы қызметтік сұрақтар бойынша әңгімеге ұқсап тұрған жоқ па? Жалпы, «зайырлы мемлекет» ұғымының мазмұнына не кіреді, дін мен мемлекет арасындағы шекара қай жерден өтеді?

Кез келген мемлекетті экстремистік қозғалыстардың таралу тенденциясы алаңдатпай қоймайтыны анық. Алайда, зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алуға бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың діни сенім бостандығына кепілдік беретін конституциялық нормаларға және мемлекеттің зайырлы сипатына қайшы келмеуі тиіс.

Әрине, профессор Виктор Лучин атап өткендей, шіркеу және азаматтардың басқа да бірлестіктері қоғамды толғандыратын мәселелерге көз жұма қарап отыра алмайды. Алайда, діни бірлестіктер оларға өздері белгілеген мақсат пен міндеттер аясында және арнайы белгіленген құралдар арқылы ғана жауап бере алады. Діннің мемлекеттен бөлінуі,

сондай-ақ діни бірлестіктердің мемлекеттің істері мен жұмыс бағыттары бойынша араласуына тыйым салыну жағдайында діни қауымдар, қандай ізгі мақсат көздесе де, мемлекеттің зайырлы құралдары мен әдістерін қолданбауы тиіс<sup>6</sup>.

Дегенмен, қазақстандық саясаттанушы Досым Сәтпаев Орталық Азия елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, осы аймақтағы елдердің ресми мүфтиаттары жергілікті биліктің бақылауында деген тұжырымға келеді. Жамағат мен билік арасында делдал болып қала берудің орнына олар дін саласында қызмет етіп жүрген министрліктің бір құрылымы ретінде көрінуде. Муфтияттарды шенеунік емес, рухани тұлға басқарғанымен, ұйымдардың жұмысы бюрократиялық үрдістерге шырмалуда<sup>7</sup>. Мұндай жағдайдың қалыптасуы дін саласында тиімді саясат жүргізуге кері әсері ететіні анық.

Қазақстанда 1991 жылдан бастап дін саласындағы ахуал өзгеріп, діни бірлестіктердің жалпы саны жыл сайын артып келеді. Мысалы, егер Қазақстанда 2009 жылғы 1 наурызда 3993 діни бірлестік жұмыс істесе, 2011 жылғы 1 қаңтарда олардың саны 4222 жеткен. Бұл ресми статистиканың көрсеткіштері бойынша. Ең көп конфессиялар мен деноминациялар ислам, православие, протестант және католицизм діндеріне тиесілі.

Қазақстанда діни ахуалдың өзгеруіне және діни бірлестіктер санының өсуіне байланысты 2011 жылғы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы қабылданып<sup>8</sup>, мемлекет тарапынан діни бірлестіктерді құруға және тіркеуге қойылатын талаптар күшейтілді. Заңның 24-бабына сәйкес, діни бірлестіктерге заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына жаңа талаптар бойынша тиісті өзгерістер енгізу міндеттелді. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін өзінің құрылтай құжаттарын заң талаптарына сәйкес келтірмеген діни қауымдар уәкілетті органның өтініші негізінде сот тәртібімен жабалатыны ескертілді.

БҰҰ-ның дін бостандығы немесе наным-сенім мәселесі жөніндегі арнайы баяндамашысы Хайнер Билефельдт Қазақстан Республикасына 2014 жылы жасаған ресми сапарының нәтижесінде отандық заңнама мен құқық қолдану практикасын ар-ождан және дін бостандығын қорғауға бағытталған халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажеттілігі бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар қамтылған баяндама жариялаған болатын.

<sup>4</sup> Авакян С.А. Конституционное право России: Учебный курс: В 2 т. Т.1. – М.: 2005. С. 362.

<sup>5</sup> Бывший муфтий Казахстана рассказал о причине своего ухода [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31334721&pos=7;-3#pos=7;-3](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31334721&pos=7;-3#pos=7;-3)

<sup>6</sup> Лучин В.О. Конституция Российской Федерации. Проблемы реализации. – М.: 2002. С. 312.

<sup>7</sup> Сәтпаев Д., Умбеталиева Т., Чеботарев А. и др. Коктейль Молотова. Анатомия казахстанской молодежи. – А.: 2014. – С. 155 – 156.

<sup>8</sup> Закон РК от 11 октября 2011 г. № 483-ІV «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» //Ведомости Парламента РК, 2011. № 17. Ст. 135.



Мәселен, оның пікірінше, «2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда дін немесе сенім бостандығының халықаралық стандарттарына қайшы келетін шектеуші элементтер бар. Ең қиын мәселелер міндетті ресми тіркеу процедурасына қатысты. Діни қауымдастықта ресми тіркеудің болмауы оның «заңсыздық» жасап жүргенін меңзейді, бұл дін немесе сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруға кері әсер етеді. Одан бөлек, ресми түрде тіркелген қауымдастықтар да заңдағы зардап шегеді, себебі олардың діни қызметі алдын-ала бекітілген ресми ережелермен және аумақтық шекаралармен шектелді. Жалпы айтқанда, 2011 жылғы Заң азаматтар дін бостандығын жүзеге асыру үшін үкіметтің нақты мақұлдауы қажет екендігін меңзейді, нәтижесінде адам құқықтары контекстінде қаралатын бостандық пен шектеу қою арасындағы арақатынас мүлдем қайшы болып шығады».

Осы ретте Арнайы баяндамашы тарапынан «2011 жылғы Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңға қажетті түзетулер енгізу» керек деген негізгі ұсыныс айтылды<sup>9</sup>.

Профессор Роман Подопригора өзінің сыни тұрғыда жазылған талдауында діни бірлестіктерді қайта тіркеу процедурасының қарама-қайшылықтарына, заңнама нормалары бойынша әр түрлі түсінік қалыптасқанына және бірлестіктерді қайта тіркеудің қысқа мерзімділігіне ерекше назар аударып, «қайта тіркеуден өтпеген діни бірлестіктердің көпшілігі ешқайда тарап кетпеді және өзара қарым-қатынастың басқа форматына ауысты, енді мемлекеттік органдарға оларға ықпал ету үшін әлдеқайда көп ресурстар мен күш қажет болады» деген қорытындыға келеді<sup>10</sup>.



Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі Дін істері комитетінің ресми, ашық мәліметтеріне сәйкес, 2022 жылдың төртінші тоқсанында елімізде 18 конфессияға жатқызуға болатын 3892 діни бірлестік тіркелген. Оның ішінде ислам – 2756, православие – 344, католицизм – 88, протестантизм – 588, Ехоба куәгерлері – 61, Жаңа апостолдық шіркеу – 24, кришнаиттер – 13, иудаизм – 7, бахаилар – 6, буддизм – 2, мормондар – 2, муниттер – 1.

Қазақстанда барлығы 3682 ғибадат орны жұмыс істейді, оның ішінде 2757 мешіт, 30 православие, 113 католик және 418 протестант шіркеулері, Иегова куәгерлерінің 57 және Жаңа Апостол шіркеуінің 24 ғибадат үйлері, 6 синагога, Бахаи бірлестігінің 2 ғибадат үйі, Кришна санасы қоғамының 2 ғибадат үйі, буддизм бірлестігінің 1 ғибадат үйі. Ресми түрде 371 миссионер тіркелген, оның ішінде шетелдік азаматтар – 296, Қазақстан азаматтары – 75.

<sup>9</sup> Национальный план действий в области прав человека в Республике Казахстан на 2017 - 2021 гг. <https://bureau.kz/files/bureau/Docs/Docs%202017/Projekt-nac-plana-2017-2021.pdf>

<sup>10</sup> Подопригора Р.А. Перерегистрация религиозных объединений //Юрист, 2012 г. № 9. С. 32.

2020 жылдың 1 сәуірі бойынша 13 діни оқу орны жұмыс істейді. Білім алушылардың жалпы саны 3381 адамды құрайды. Діни оқу орындарының ішінде 11-і ислам бағытына («Нұр-Мұбарак» университеті, 9 медресе-колледж, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Имамдардың біліктілігін арттыруға арналған ислам институты) және 2-уі христиан бағытына (Алматы ұаласындағы православиелік теологиялық семинария, Қарағанды қаласындағы «Мария-Шіркеу анасы» Епархияаралық жоғары теологиялық семинария) жатады.

2020 жылғы 1 тоқсан қорытындысы бойынша шетелдік теологиялық оқу орындарында 258 азамат білім алуда (оның ішінде ұсынылған мекемелерде 130 адам, күмәнді оқу орындарында 113 адам). Діни білім алу үшін ең көп сұраныс байқалатын елдер – Египет Араб Республикасы (95), Түркия Республикасы (66), Сауд Арабия Корольдігі (57), Иордания Корольдігі (17 адам).

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі және жергілікті атқарушы органдар «Исламтану», «Дінтану» және «Теология» мамандықтары бойынша білім беру гранттарын жыл сайын үлестіреді. Аталған мамандықтарға 2019-2020 оқу жылында 430 білім беру гранты бөлінген<sup>11</sup>.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 шілдедегі «2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы» № 316 бұйрығына сәйкес, білім бері гранттары келесідей бөлінген:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 шілдедегі «2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы» № 316 бұйрығына сәйкес, білім бері гранттары келесідей бөлінген:

→ 2022-2023 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде «Дін және теология» мамандығы бойынша – 200;

→ 2022-2023 оқу жылына арналған магистрлерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы аясындағы «Ғылыми-педагогикалық магистратура» бағытының «Дін және теология» мамандығына – 50, «Исламтану» мамандығына – 20;

→ 2022-2023 оқу жылына арналған PhD докторларын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында «Дін және теология» мамандығына – 11, «Исламтану» мамандығына – 6<sup>12</sup>.

Конрад Аденауэр атындағы қордың ҚР-дағы өкілдігінің «Қазақстандағы діни сенім бостандығы туралы» баяндамасында ашық дереккөздерге сілтеме жасалып, білім беру саласында шетелдік донорлардың белсенділігі анық байқалатыны аталған. Соның бірі ретінде Египет үкіметінің қаржылай қолдауымен Алматы қаласында 2001 жылы ашылған «Нұр-Мұбарак» ислам мәдениеті университетін атап кетуге болады<sup>13</sup>.

Роман Подопригора бір сұхбатында «мемлекет тәуелсіз болып, барлық есіктер ашылған кезде Мысыр, Сауд Арабия және Пәкістан елдерінен көптеген уағызшылар келді. Қазақстанның кейіннен түрлі проблемаларды бастан кешіруі сол миссионерлер қызметінің салдары. Сол себепті бұл мәселеге мемлекет назар аударып, діни қызметшілерді даярлаудың өзіндік жүйесін құруда. Қазіргі таңда Қазақстанның өзінде немесе сенімді ынтымақтастық орнатылған кейбір шетелдік оқу орындарында білім алған азаматтар ғана мешіттерге діни қызметші болып орналаса алады»<sup>14</sup>.

Данил Бугловтың пікірінше, Қазақстанда және барлық посткеңестік елдердегі негізгі проблема діннің саяси құрылым мен мәдени бірегейлікке қауіп төндіреді деген сеніммен байланысты: Осы орайда дін атынан қызмет етіп, жеке мүдделерін көздеген түрлі ұйымдар пайда бола бастады. Дінді саяси және мәдени құрылымға қауіп ретінде түсінген ішкі саясат қалыптасып, нәтижесінде осы саладағы адам құқықтарын шектеуге апаратын тетіктер пайда болды.

Евгений Жовтис қазіргі таңда концептуалды мәселе орын алғанына назар аударады: «Конституция ар-ождан бостандығы құқығын бекітеді, бірақ дін мен сенім бостандығы құқығына кепілдік бермейді. Осыдан келіп ар-ождан бостандығы мен сенім бостандығы жеке тұлғалық емес, ұжымдық құқық деген мәселе туындауда».

<sup>11</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» № 953 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000953>

<sup>12</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 шілдедегі «2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы» № 316 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023268>

<sup>13</sup> Хельм Т. «О свободе вероисповедания в Казахстане»: Доклад. Нур-Султан, 2020. С. 27.

<sup>14</sup> Р.Подопригораның «Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығы» тақырыбындағы сұхбатының транскрипті // Хельм Т. «О свободе вероисповедания в Казахстане»: Доклад. Нур-Султан, 2020. С. 42 – 43.

Бейімбет Манетов экстремистік материалдардың, интернет кеңістігінде таралуын басты проблема деп санайды: «Қазір интернет заманы, көптеген адамдар, әсіресе жастар, өздеріне қажетті ақпаратты, оның ішінде діни мазмұндағы мәліметті интернеттен және түрлі пабликтардан іздейді. Бұл жағдай жалған ақпарат алуға және деструктивті діни ағымдардың ықпалына түсуге әкелуі мүмкін. Себебі террористік ұйымдардың эмиссарлары өз аудиториясын кеңейту үшін әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып келуде. Сол себепті де қазақстандықтарды кереғар насихаттың ықпалынан қорғау мақсатында ақпараттық кеңістікке мониторинг және дінтану сараптамасы жүргізіледі. Бұл шаралар діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың ең қажетті және маңызды құралы болып табылады».

Анонимділікті сақтағысы келген қазақстандық теолог дін саласындағы өзекті мәселелерді шектен тыс реттеу тәжірибесімен және бюрократизм үрдістерімен байланыстырды:



**Қазіргі таңда Конституциядағы мемлекеттің зайырлылығы және мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаттары жарияланғанына қарамастан, іс жүзінде белгілі бір діни бірлестіктерге преференция берілетінін баршамыз байқап отырмыз».**

Сондай-ақ, сарапшылардың пікірінше, мемлекеттік-әкімшілік басқарудың шамадан тыс болуын, діни бірлестіктердің міндетті тіркеуден өту мәжбүрлігін, мектептерде діни нақыштағы киім киюге рұқсат етілмеуін, діни әдебиеттерді таратуға және миссионерлік қызметті іске асыруға түрлі шектеулер қойылуын, дінтану сараптаманың күшейтілуін Қазақстандағы дін саласындағы өзекті проблемалардың қатарына жатқызуға болады.

# 1.2

## «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының нормаларына интерпретация беру және қолдану мәселелері: «діни қызмет», «діни бірлестік», «дінтану сараптамасын жүргізетін сарапшылар»

Қазақстандағы діни бірлестіктерді тіркеу тәжірибесіне қарайтын болсақ, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңында қолданылатын терминдерді дұрыс түсіну мәселесі туындайды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының «Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар» деп аталатын 1-бабының 1-1) және 4) тармақтарында «діни қызмет» және «діни бірлестік» ұғымдарына келесі анықтамалар берілген:

«діни қызмет – **діндарлардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет**»;

«діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы **негізінде**

**діни қажеттіліктерін қанағаттандыру** үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі».

«Діни қызмет» және «діни бірлестік» ұғымдары көп жағдайда бір деңгейлі құбылыстар қатарына жатқызылады, сол себепті олардың анықтамасында «діни қажеттіліктер» және «рухани қажеттіліктер» сияқты сөз тіркестердің пайдалануы заң нормаларын тәжірибе жүзінде дұрыс қолданбауына әсер етуі мүмкін.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2009 жылғы 11 ақпандағы N 1 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан

Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» Нормативтік қаулысында «Заңның техникалық-заңдық жағынан алғандағы кемшіліктері ондағы кейбір ережелерді көп мағынада түсінуге мүмкіндік жасайды, бұл практикада осы заңнамалық актінің өз еркінше түсіндіріліп, барабар қолданбауға, және соның нәтижесінде, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары негізсіз шектелуіне әкеп соқтыруы мүмкін»,<sup>15</sup> деген түсініктеме берілді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 142 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 4-бабында «Коммерциялық емес ұйымдар... азаматтардың рухани және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру» үшін құрылатыны туралы айтылған<sup>16</sup> Діни бірлестік – коммерциялық емес ұйымның бір түрі, алайда «рухани қажеттілік» ұғымының ауқымы «діни қажеттілік» ұғымына қарағанда кеңірек болып келеді.

Діни бірлестіктің қызметі «діни қажеттіліктердің» нақты өзін ғана, ал басқа бағыттағы коммерциялық емес ұйымдар азаматтардың өзге рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды мақсат етуі тиіс.

Діни бірлестіктер мен басқа да коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мақсаттары нақты заңнамалық деңгейде ара-жігін ажыратылған жағдайда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңын бірыңғай түсінуге және ар-ождан мен діни сенім бостандығы құқығын тиімді іске асыруға ықпал ететін болады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 1-бабының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

*«Діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін олардың мүдделерінің ортақтығы негізінде біріккен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен ерікті бірлестігі;».*

Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің сайтына жүктелген 2021 жылғы Діни сенім бостандығы туралы (Қазақстан) баяндамада діни ұйымның республикалық, облыстық немесе жергілікті мәртебелер енгізілгеніне ерекше назар аударылған. Жергілікті деңгейде тіркелу үшін Әділет министрлігіне кемінде 50 құрылтайшының

аты-жөні мен мекен-жайы көрсетілген өтінім жолдау қажет. Егер діни ұйымның облыстық немесе республикалық деңгейде тіркелу үшін мүшелері жеткіліксіз болса, онда олар өз қызметін тіркелген географиялық жергілікті жердің шегінде ғана жүзеге асыруға құқылы. Облыстық ұйымды тіркеу үшін әртүрлі аудандарда орналасқан кемінде екі жергілікті ұйымның болуы қажет және әрбір жергілікті бірлестікте кемінде 500 мүше болуы тиіс. Республикалық деңгейде тіркелу үшін 14 облыстың, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әрқайсысында кемінде 300 мүшенің болуы және олардың жалпы саны 5 000 кем емес болуы талап етіледі. Дін қызметкерлерін оқыту үшін білім беру мекемелерін ашу құқығына республикалық және облыстық деңгейде тіркелген бірлестіктер ғана ие бола алады<sup>17</sup>. Бұл туралы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 12-19 баптарында жазылған.

Тіркеуге байланысты жоғарыда аталған нормалар іс жүзінде кемсітушілік болып табылады. Қазақстандағы Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюросының сарапшылары 2022 жылғы наурызда дайындаған «ҚР заңнамасында кейбір негізгі белгілер бойынша кемсітушілік нормалардың болуы туралы талдамалық жазба» құжатында осындай қорытындыға келеді.

«Мемлекет рұқсат бермегендіктен адамдар өздері еркін түрде құрған діни бірлестіктер заңсыз жағдайда қалуға мәжбүр. Қазақстанда тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне де тыйым салынған. Алаңда, мемлекетте әр түрлі қоғамдық құрылымдар, оның ішінде тіркелмей үкіметті қолдап қызмет ететін құрылымдар кездеседі: «Nur Otan» партиясының жақтаушылар Лигасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы партияаралық кеңес, әртүрлі мемлекеттік органдар жанындағы Қоғамдық кеңестер және т. б. Осылайша, діни бірлестіктер өзге ұжымдық қауымдастықтармен тең дәрежеде емес екендігін байқауға болады»<sup>18</sup>.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 15-бабының 10-тармағына сәйкес, «ұсынылған құжаттардың заңнамаға сәйкестігін тексерудің, жүргізілген дінтану сараптамасының, діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтардың тізімін тексерудің нәтижелері бойынша діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу туралы немесе мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады».

<sup>15</sup> Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2009 жылғы 11 ақпандағы N 1 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» Нормативтік қаулысы [https://adilet.zan.kz/rus/docs/S090000001\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/S090000001_)

<sup>16</sup> Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 142 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000142\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000142_)

<sup>17</sup> Казахстан: Доклад о свободе вероисповедания за 2021 год <https://kz.usembassy.gov/ru/2021-report-on-international-religious-freedom-kazakhstan/>

<sup>18</sup> «Аналитическая записка о наличии дискриминационных норм в законодательстве РК по некоторым основным признакам». Казахстанское международное бюро по правам человека и соблюдению законности.

[https://bureau.kz/analiz/tekushii\\_analiz\\_zakonodatelstva/analiticheskaya-zapiska-o-nalichii-diskriminatsionnyh-norm-v-zakonodatelstve-respubliki-kazahstan-po-nekotorym-osnovnym-priznakam/](https://bureau.kz/analiz/tekushii_analiz_zakonodatelstva/analiticheskaya-zapiska-o-nalichii-diskriminatsionnyh-norm-v-zakonodatelstve-respubliki-kazahstan-po-nekotorym-osnovnym-priznakam/)



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 162 бұйрығындағы анықтамаға сәйкес, «сараптама объектілеріне:

- діни бірлестіктердің құрылтай құжаттары;
- діни мазмұндағы құжаттар (діни бірлестіктердің құрылымы, діни ілім негіздері, діни практикасы, діни қызметтің нысандары мен әдістері бар);
- діни білім беру бағдарламалары;
- діни мазмұндағы ақпараттық материалдар, діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар жатады»<sup>19</sup>.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 6-бабы 3-тармағына сәйкес, «Дінтану сараптамасын діни қызмет саласында арнайы білімі және (немесе) жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар (мамандар), қажет болған кезде мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді».

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 162 бұйрығына сәйкес, «Сараптаманы жүргізу үшін гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша мына:

- дінтану;
- теология;
- исламтану мамандықтарының біреуі бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар сарапшылар, сондай-ақ **діни қызмет саласында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар тартылады»**<sup>20</sup>.

Бұл жерде «діни қызмет саласында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар» деген анықтаманың ауқымы тым кең болып табылады, сол себепті бұл норманы өз бетінше пайымдауға және дінтану сараптамасын жүргізуге бұл салаға қатысы жоқ немесе терең игермеген адамдарды тартуға мүмкіндік береді.

Мәселен, «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларының» 7-тармағына сәйкес, «сараптама өзіне:

1. объект мазмұнының нақты діни ілімге тиесілігін айқындауды, зерттелетін объектінің мазмұнын аксиологиялық бейтараптықтың сақталуы нысанында зерттеуді, сондай-ақ діни көзқарастар мен ғибадат ету практикасының ілімді ұстанушыларға және қоғамның өзге мүшелеріне теріс ықпал ету ықтималдылығына баға беруді;
2. көрсетілетін қызметті беруші қойған мәселелерді ескере отырып, сараптама объектілерін қарауды.

Діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарын қарау кезінде діни бірлестіктердің қызметін, оның ішінде олардың нақты қызметінің нысандары мен әдістерін зерделеу жүргізіледі;

3. сараптама объектісін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасының нормаларына қайшылықтардың болуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының бұзылуын анықтау нысанында зерделеуді қамтиды».

Жалпы айтқанда, тиісті біліктілігі жоқ «сарапшы» дінтану сараптамасын жүргізуге тартылған жағдайда, оның тарапынан «діни көзқарастар мен культтік тәжірибенің жақтастары мен қоғамның басқа мүшелеріне теріс әсер ету ықтималдығын бағалау» кезінде қате қорытындылар шығару ықтималдылығы жоғарылай түседі.

Тіпті, арнайы дипломы бар сарапшының өзі де сараптама объектісін зерделеу кезінде ҚР Конституциясы мен заңнамасының нормаларына қайшы келетін жағдайларды немесе ҚР азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын шектейтін тәуекелдерді байқамауы мүмкін – кейбір тәжірибелі заңгерлер де бұл мәселелерді бағалау барысында қателіктер жіберіп жатады.

Сондай-ақ, сарапшы Д. Құсайыновтың мамандарды іріктеу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, сараптамалық қорытындыларды алқалы түрде шығаруды міндетті ету, сараптама жүргізу процесінің өзін регламенттеу, сараптамалық қорытындыларға шағымданудың нақты тетігін әзірлеу керектігі туралы пікірін атап кетуге болады<sup>21</sup>.



**Осы орайда кешенді-комиссиялық дінтану сараптамасын жүргізу тәжірибесін енгізуді және дінтану сараптамасын жүргізуге кемінде үш маманды жұмылдыруды, оның ішінде жоғары заң білімі және заң саласында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесі бар сарапшы қатысуын қамтамасыз етуді ұсынамыз.**

Діни бірлестікті тіркеу туралы шешімнің дінтану сараптамасының қорытындысына байланысты болуы қосымша әкімшілік кедергі болып табылады.

<sup>19</sup> Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 162 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400010184>

<sup>20</sup> Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 162 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400010184>

<sup>21</sup> Кусаинов Д. Религиоведческая экспертиза в Казахстане: Джихад против «неправильной» литературы? [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31643241&pos=5;-106#pos=5;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31643241&pos=5;-106#pos=5;-106)

Сарапшыларды іріктеуде, құзыретінде, біліктілігінде нақты критерийлердің болмауы азаматтардың діни сенім бостандығына құқығын шектеу тәуекелдерін және кемсіту жағдайларын тудырады.

Анонимді болғысы келген сарапшының пікірінше, дінтану сараптамасы қажетті процедуралардың бірі. Кез келген діни бірлестіктің өзіндік белгілері, құрылымы және ұйымы болуы қажет, ал сараптаманы деструктивті бірлестіктер мен ағымдардың тіркелуіне жол бермейтін құрал деп санауға болады.

Роман Подопригора жоғарыда айтылған көзқарасқа қарама-қарсы пікірді ұстанады. Оның ойынша сараптама мүлдем қажет емес: «сараптама ретінде жүргізілетін барлық нәрсені әдебиеттерден, оқулықтардан табуға болады, оған мемлекеттік ресурстарды бекерден жұмсаудың қажеті жоқ. Тағы бір айта кететін мәселе – ұстаным ретінде ұсынылатын абсурдтық дүниелерді шынайы діни наным-сенімдерден ажырату керек деген халықаралық соттардың тәжірибелеріне назар аударған жөн».

Данил Буглов руханият пен діндарлық арасында ерекше айырмашылықтар жоқ деп есептейді, оларға кім және неге анықтама беруі тиіс екендігін мүлдем түсінбейді. Оның пікірінше, «дін мен сенім бостандығы тек дінді ғана меңземейді, ол кез келген сенімдерді де қорғайды. Жаңа діни бірлестіктер пайда болуы мүмкін, ал оларды діндердің қатарына қосудың басты критерийі – өздері анықтаған бірегейлік болуы абзал.

«**Өз тәжірибесінде және құрылымында бізге таныс діндарлық формаларынан ерекшеленетін діни топтар бар, бірақ бұл олардың деструктивті екенін білдірмейді.**

Сонымен қатар, жаңа діни ағымдардың қалыптасу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды, өйткені бұл тұрақты процесс».

Ержан Байбол өзге пікір білдірді. Оның пайымдауынша, дінтану сараптамасының мақсаты кедергі келтіру емес, керісінше, заң бұзушылық туралы ескерту және оны түзетуге көмек беру. Дінтану сараптамасының теріс қорытындысына байланысты діни бірлестіктерді тіркеуден бас тарту жағдайлары жүйелі құбылыс емес. Егер бастамашылар сараптама қорытындыларымен келіспесе, сараптамаға ұсынылған құжаттарға өзгерістер енгізгісі келмесе, онда олар сотқа жүгіне алады.

Бейімбет Манетовтың ойынша, дінтану сараптамасы діни ұйымның жарғысынан кемшіліктер іздеуді, діни әдебиеттерді таратуға тыйым салуды немесе адам құқықтарын шектеуді мақсат етпейді,

оның басты міндеті – діни мақсатта қолданылатын объектілердің Қазақстан Республикасының заңнама-сына сәйкестігін белгілеу болып табылады:

«**Діни ұйымдардың жарғыларында дінаралық араздықты қоздыруға бағытталған үндеулер, діни экстремизм мен терроризмнің белгілері, сондай-ақ адамның діни көзқарасына байланысты құқықтары мен бостандықтарын шектейтін ережелер болуы мүмкін. Сондықтан, бұл қадамдар діни бірлестікті заңды түрде тіркеудің қажетті бөлігі деп санаймын. Менің ойымша, бұл іс-шаралар өте орынды».**

Анонимді сарапшының пікірінше, посткеңестік елдердің басым көпшілігінде дінтану сараптамасы қолданылады және сараптаманың сапалы жүргізілуі, оған тартылатын дінтанушылардың құзыретті болуы үлкен маңызға ие болуда. Сондай-ақ, дінтану сараптамасы мемлекеттік тапсырыс болмауы тиіс, оның құрамына бір конфессияның өкілі саналатын теологтарды ғана жұмылдыруға жол берілмегені жөн.

Евгений Жовтис дінтану сараптамасын (сондай-ақ, сот-филологиялық немесе лингвистикалық сараптаманы) құқықтық мақсатта қолдануға үзілді-кесілді қарсы. Оның пікірінше, біріншіден, діни мазмұндағы әдебиеттерді немесе ақпараттық материалдарды тарағанға дейін сараптау заңға қайшы келеді, өйткені бұл жағдай Қазақстан Конституциясында тыйым салынған цензураны енгізеді. Екіншіден, оны құқықтық мақсатта қолдану кемсітушілік болып табылады. Әйтпесе кез-келген әдебиетке немесе ақпараттық материалдарға, соның ішінде философиялық (діни емес) және көркем әдебиетке сараптама жасау қажет болар еді, өйткені онда жеккөрушілік немесе дұшпандық, зорлық-зомбылыққа шақыру, терроризм мен зорлық-зомбылық экстремизмін ақтайтын мәтін болуы мүмкін. Жовтисің пікірінше, «сарапшы ретінде тартылған дінтанушы, филолог және лингвист мамандар заңгер емес, тіпті комиссиялық сараптамаға заңгерлерді қосқанның өзінде жағдай өзгермейді. Теологиялық дауларды теолог ғалымдарға және ғылыми-зерттеу мекемелеріне қалдыру керек. Ал сот болса, контекстті анықтау және шешім қабылдау үшін тек ғылыми біліктілікті мен құқықтық мәртебесі тең сарапшыларды шақыра алады. Сондай-ақ, сарапшылар екі жақтан бірдей шақырылуы тиіс».

# 1.3

## Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманы бұзғаны үшін қарастырылған әкімшілік және қылмыстық жауаптылық

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманадағы бірлестіктерді тіркеуге қойылатын қатаң талаптардан бөлек, заң бұзушылыққа қатысты қолданылатын әкімшілік және қылмыстық жауаптылықты атап кетуге болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» № 953 қаулысында келесідей деректер келтірілген: «Өңірлік ішкі істер басқармаларының мәліметтері бойынша 2020 жылдың 1 тоқсанында діни қызмет саласында 64 әкімшілік құқық бұзушылық фактісі анықталды, оның ішінде 29 іс – ӘҚБтК-нің 453 және 489-баптары бойынша. Құқық бұзушылықтар бойынша қозғалған істердің негізгі бөлігі ӘҚБтК-нің 490-бабына қатысты, мысалы, діни жораларды және (немесе) жиналыстарды өткізу; діни әдебиетті және діни мазмұндағы басқа да материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелуге, әзірлеуге, жариялауға және (немесе) таратуға қойылатын талаптарды бұзу»<sup>22</sup>.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 09.11.2022 ж. «Солтүстік Қазақстан Құқықтық медиа орталығы» ҚҚ-ның сұраныс хатына берген жауабында «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзғаны үшін (ҚР ӘҚБтК 490-бабы) әкімшілік жауапкершілікке 2021 жылы – 117 адам және 2022 жылдың 6 айында 42 адам жауапқа тартылғаны» туралы айтылады.

Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзғаны үшін 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінде (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) арнайы бап қарастырылған.



**«490-бап.** Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу

**1.** Қазақстан Республикасының заңнамасында:

1) діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге;

2) қайырымдылық қызметті жүзеге асыруға;  
3) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелуге, әзірлеуге, шығаруға, басып шығаруға және (немесе) таратуға;  
4) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салуға, үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттар) етіп қайта бейіндеуге (функционалдық мақсатын өзгертуге) белгіленген талаптарды бұзу –

- қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – елу, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Заңды діни қызметке кедергі келтіру, сол сияқты жеке тұлғалардың азаматтық құқықтарын дінге көзқарасы себептері бойынша бұзу немесе олардың діни сезімдерін қорлау не қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіру, егер жоғарыда баяндалған барлық әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

- жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – бір жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Миссионерлік қызметті тіркеусіз (қайта тіркеусіз) жүзеге асыру, сол сияқты миссионерлердің дінтану сараптамасының оң қорытындысы жоқ діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануы, Қазақстан Республикасында тіркелмеген діни бірлестіктердің діни ілімді таратуы –

- Қазақстан Республикасының азаматтарына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Діни бірлестіктің өз жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асыруы –

- қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

<sup>22</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» № 953 қаулысы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000953>

5. Діни бірлестіктің саяси қызметпен айналысуы, сол сияқты саяси партиялардың қызметіне қатысуы және (немесе) оларға қаржылық қолдау көрсетуі, мемлекеттік органдардың қызметіне араласуы не мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының функцияларын діни бірлестіктер мүшелерінің иемденіп алуы –
  - қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
6. Мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, мекемелерде, оның ішінде денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында діни бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құру –
  - лауазымды адамдарға – бір жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
7. Уәкілетті органмен келіспей шетелдік діни орталық тағайындаған адамның діни бірлестікті басқаруы, сол сияқты діни бірлестік басшысының кәметке толмаған адамның ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде кәметке толмағандарды діни бірлестіктің қызметіне тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермеу шараларын қолданбауы –
  - Республиканың шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
8. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және жетінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –
  - қызметке тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – үш жүз, заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады»

Сайып келгенде, жоғарыда аталған «әкімшілік құқық бұзушылықтардың» диспозициясы бланкеттік сипатқа ие деуге келеді және құқық қолданушылар көп жағдайда кеңінен түсінетін/түсіндіретін ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының нормаларына сілтеме жасайды.

Мысалы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 7-бабының 2-тармағында «құдайға құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) және оларға бөлінген аумақта, құлшылық ету орындарында, діни бірлестіктер мекемелері мен үй-жайларында, зираттар мен крематорийлерде, жақын жерде тұратын

адамдардың құқықтары мен мүдделері сақталған жағдайда тұрғын жайларда, қажет болған кезде қоғамдық тамақтандыру объектілерінде бөгетсіз жүргізіледі (жасалады). Өзге жағдайларда діни іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады» деп анықтама берілген. Бұл бапта «жақын жерде тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделерін сақтау» сөздері өте кең және жалпылама түрде беріліп, құқық қолданушылармен еркін түсіндіруге жол ашып отыр.

Қазақстан Республикасының заңнамасында кемсітушілік нормалардың болуы туралы талдамалық жазба авторларының пікірінше, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, ҚР ӘҚБтК 490-бабы Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңда көзделген тыйымдарды, шектеулерді, шарттарды бұзғаны үшін жауапкершілікті қамтиды. Тиісінше, баптың ережелері жоғарыда аталған заңның кемсітушілік нормаларынан туындайды және оларды жою әрекеттерді қылмыссыздандыруға әкелуі керек<sup>23</sup>.

Бұл мәселеге АҚШ-тың Қазақстандағы Елшілігінің сайтында жүктелген 2021 жылғы жағдай бойынша діни сенім бостандығы туралы баяндамада (Қазақстан) назар аударылады: «Заң жергілікті билікке діни іс-шараларды діни ғимараттар мен құрылыстардан тыс жерлерде өткізу үшін орын белгілеу таңдауына «ықпал етуге» өкілеттік береді. Заң бойынша «көршілердің құқықтары мен мүдделері» ескерілген жағдайда діни іс-шараны тұрғын үй-жайларда жүзеге асыруға рұқсат етіледі. Алайда, кейбір уәкілетті органдар бұл ереже бойынша ұйымдастырушылар тарапынан діни іс-шараны өткізу үшін міндетті түрде рұқсатнама алу керек деген түсініктеме беріп жатады.

Басқа дінді қабылдауды мәжбүрлеуге, діни бірлестіктің қызметіне қатысуға немесе діни рәсімдерді орындауға мәжбүрлеуге заңмен тыйым салынады. Сонымен қатар, азаматтарға қатысты зорлық-зомбылықпен байланысты немесе азаматтар мен тұрғындарының денсаулығына және имандылығына өзге де зиян келтіретін, некенің еріксіз бұзылуына немесе отбасылық байланыстардың үзілуіне, адамның құқықтары мен бостандықтарының зардап шегуіне әкеп соқтыратын діни ұйымдардың қызметіне шектеу қойылған.

Сондай-ақ, салалық заңнамаға сәйкес ешкімнің де өз діни нанымдары бойынша «Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін» атқарудан бас тартуға құқығы жоқ, алайда бұл міндеттердің анықтамасын беруге мемлекеттік органдарға еркін құзыреттілік беріліп қойғаны байқалады.

<sup>23</sup> «Аналитическая записка о наличии дискриминационных норм в законодательстве РК по некоторым основным признакам». Казахстанское международное бюро по правам человека и соблюдению законности. [https://bureau.kz/analiz/tekushii\\_analiz\\_zakonodatelstva/analiticheskaya-zapiska-o-nalichii-diskriminatsionnyh-norm-v-zakonodatelstve-respubliki-kazahstan-po-nekotorym-osnovnym-priznakam/](https://bureau.kz/analiz/tekushii_analiz_zakonodatelstva/analiticheskaya-zapiska-o-nalichii-diskriminatsionnyh-norm-v-zakonodatelstve-respubliki-kazahstan-po-nekotorym-osnovnym-priznakam/)



Адамдардың қайырымдылық көмекке тәуелділігін пайдалана отырып дінге тарту әдістерін қолдану заңға қайшы болып салынады. Сонымен қатар, адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып бопсалау, күш қолдану немесе күш қолданымын деп қорқыту жолымен өз қызметіне мәжбүрлеп тартатуға тыйым салады<sup>24</sup>.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 3-бабының 7-тармағында «ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ» деген талап бекітілген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» (1-тармақ), «Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады» (2-тармақ).

Жоғарыда аталған 2021 жылғы жағдай бойынша діни сенім бостандығы туралы баяндамада (Қазақстан) заңнамаға қайшы келген жағдайлар жөнінде айтылған: «Ехоба куәгерлерінің хабарлауына, әскери қызметтен діни себептермен бас тартқан қауымдастықтың кейбір мүшелері оларды аталған міндеттен босату тұрғысынан қиындықтарға тап болған, дегенмен олардың мәселесі билік өкілдерімен диалог барысында шешілген. Бастапқыда жергілікті әскери комиссариат қызметкерлері діни қауымдастық әскерге шақырылушыларға берген анықтаманы қызметтен босатуға жеткіліксіз деп айтқан. Осыдан кейін қауымдастық өкілдері өтініш берушілердің діни себептермен әскери қызметтен босату туралы ресми хаттарын ұсынып, олардың діни қызметшілер ретінде әскери қызметті атқармауға құқығы туралы түсіндірме жасаған»<sup>25</sup>.

Осы орайда ЕҚЫК-нің Адами өлшемі жөніндегі конференцияның Копенгаген кеңесінің құжатында (1990 ж.) бекітілген келесі құқықтарға назар аудару қажет деп есептейміз: «Қатысушы мемлекеттер:

**(18.1)** – Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы әрбір адамның ар-ождан сенімі бойынша міндетті әскери қызметтен бас тарту құқығын танитындығын атап өтеді;

**(18.2)** – соңғы кездері ар-ождан сенімі бойынша міндетті әскери қызметтен босатуға рұқсат беру үшін бірқатар қатысушы мемлекеттер қабылдаған шараларды атап өтеді»<sup>26</sup>.

Тағы бір мәселе ретінде ӘҚБТК-нің 490-бабы бойынша жауапкершілікке тарту (діни әдебиеттерді тарату) бойынша жағдайды атап кетуге болады. «OLX» және «satu.kz» сияқты сайттарда Құран немесе Інжіл кітаптарын дінді насихаттау үшін емес, қаржылық жағдайын жақсарту үшін сатуға орналастырған қарапайым азаматтар жауапқа тартылуда. Олар кітапты 5000 теңгеге сатуға қойып, соңынан мемлекетке айыппұл ретінде 100 000 теңге төлеуге мәжбүр. Сондай-ақ, жауаптылыққа тарту тәжірибесінде бірізділік байқалмайды.

Мәселен, Петропавл қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған соты жергілікті журналист және қалалық мәслихаттың депутаты Руфия Мұстафинаға 153 150 теңге айыппұл салу туралы шешім шығарған болатын.

Руфия Мұстафина Sputnik Қазақстан арнасына берген сұхбатында келесіні баяндаған: «Маған діни мазмұндағы материалды таратқаны үшін айыппұл салынды. Сот төрағасы бас имаммен өткізіліп, сайтта және әлеуметтік желілерінде жариялаған сұхбатты діни материал ретінде анықтады. Бас имам сұхбат барысында Құрбан Айт және осы мерекенің салт-дәстүрлері туралы ғана баяндады. Одан бөлек, менің қолымда сұхбатты таратуға кедергі келтіретін ештеңе жоқ деген екі сараптаманың қорытындысы болды»

Сондай-ақ, журналистің айтуынша, соттың екінші отырысына шақырылған өңірлік дін істері басқармасының маманы да имамның өзі рұқсат берсе, материалды таратуға болатынын түсіндірді.

«Маған ол өз еркімен сұхбат берді. Сұхбат жарияланған шілде айынан бастап ешкім де наразылық білдірген жоқ. Бұл мақалаға сол кезде қаланың ішкі саясат бөлімінің басшысы және қала әкімінің баспасөз қызметі репост жасады», - дейді жауаптылыққа тартылған журналист<sup>27</sup>.

Осы жағдай БАҚ-та жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы 2022 жылғы 06 желтоқсандағы қаулысымен (№5999-22-00-3а/296 іс) бірінші сатыдағы сот қаулысының күшін жойып, Р. Мұстафинаны әкімшілік айыппұлдан босатып, «ауызша ескерту» беру туралы шешіммен шектелді.

Алайда, бірінші сатыдағы соттың шешімі «маңызы болмашы» ретінде жойылғанымен, құқық бұзушылық фактісі сақталып, орын алған келеңсіз жағдай құқық қолданушылар арасында прецедент ретінде келешекте жалғасын табуы мүмкін.

<sup>24</sup> Қазақстан: Доклад о свободе вероисповедания за 2021 год <https://kz.usembassy.gov/ru/2021-report-on-international-religious-freedom-kazakhstan/>

<sup>25</sup> Қазақстан: Доклад о свободе вероисповедания за 2021 год <https://kz.usembassy.gov/ru/2021-report-on-international-religious-freedom-kazakhstan/>

<sup>26</sup> Рекомендации по анализу законодательства о религии или вероисповедании. Утверждено Венецианской Комиссией на 59 Пленарном заседании, г. Венеция, 18 – 19 июня 2004 г. – С. 54.

<sup>27</sup> В Петропавловске журналистку оштрафовали за интервью с имамом <https://inbusiness.kz/ru/last/v-petropavlovskoe-zhurnalistku-oshtrafovali-za-intervyu-s-imamom>

Басқа әкімшілік құқық бұзушылық ісіне сәйкес, азамат А. ӘҚБТК-нің 490-бабы 1-бөлігінің 3-тармағы бойынша мамандандырылған соттың шешімімен «діни әдебиеттерді таратқаны үшін, атап айтқанда «ВКонтакте» әлеуметтік желісінде діни мазмұндағы аудио-бейне файлдарды жеке парақшасына жүктегені үшін» жауапкершілікке тартылды (СҚО Петропавл қаласының Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған соты, істің № 5915-22-00-3/2070, 17.05.2022 ж.).

Мамандандырылған сот «Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға және таратуға кедергі келтіретін мәліметтер мен фактілер табылмағанына қарамастан, азамат А-ның «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасы кез келген пайдаланушы таба алатын және ондағы ақпаратты пайдалана алатын онлайн-платформа болып саналады, яғни діни әдебиеттер мен діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдар таратылып отыр деуге келеді» деген қорытынды жасаған.

Сондай-ақ, сот қаулысында «азамат А-ның «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасы ғибадат үйі (ғимараты), рухани (діни) білім беру ұйымы болып табылмайды, сондай-ақ діни әдебиеттерді, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен арнайы белгіленген стационарлық үй-жай болып табылмайды» деп жазылған.

Тағы бір әкімшілік іс бойынша Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық сотының 2022 жылғы 13 сәуірдегі қаулысымен (№5950-22-00-3/196) «әлеуметтік желіде фотосуреттер мен бейнефайлдар түріндегі діни мазмұндағы материалдарды «Н.А.» парақшасы арқылы таратқаны үшін» азамат О. әкімшілік жауапкершілікке тартылған болатын.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс материалдарына сәйкес, «азамат О. аталған құқық бұзушылық бойынша кінәсін мойындап, сотқа діни мазмұндағы материалдарды арнайы таратумен айналыспағанын түсіндірді, бұл жағдай медреседе оқу кезінде орын алып, аталған материалдар шамамен алты жыл бойы сақталып келген. Оның парақшасы кез келген пайдаланушы үшін ашық, яғни жалпыға қол жетімді. Қазіргі уақытта ол барлық материалдарды парақшасынан алып тастаған».

Соттың шешімі бойынша аталған азамат жауаптылыққа тартылуы қажет, себебі «бұл іс бойынша жауаптылыққа тарту мерзімі аяқталған жоқ. Құқық бұзушылық 2022 жылғы 7 ақпанда анықталып, сотқа 2022 жылғы 29 наурызда, яғни тиісті 2 ай мерзім ішінде жіберілді».

Мысал ретінде келтірілген кейстер адамның діни сенім бостандығы, тыйым салынбаған кез келген жолмен ақпарат тарату еркіндігі және «әкімшілік құқық бұзушылық» нормалары арасындағы шекаралары мемлекет тарапынан нақты жіктелмегенін айқындап отыр.

Анонимді сарапшының пікірінше, діни әдебиеттерді тек діни ғимараттар мен рухани білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар айқындайтын арнайы бөлінген орындарда тарату талабы діни бірлестіктерге едәуір жауапкершілік жүктейтіні сөзсіз. Бұл талап тыйым салынған экстремистік әдебиеттер таралуына тосқауыл қою үшін енгізіліп отыр: «мысалы, біз дәрі-дәрмектерді базардан емес, дәріханадан сатып аламыз ғой осы, неге? Біз физикалық денсаулыққа алаңдаймыз ғой, сол сияқты рухани сақтық та қажет. Егер адам әдебиетті өзі үшін іздесе, онда бұл оның таңдауы, бірақ егер мәжбүрлеу болса, онда бұл, әрине, заң бұзушылық».

Роман Подопригора өзге пікір білдірді:



**Неге философиялық әдебиетті кез келген жерде сатуға болады, ал діни әдебиетті сатуға рұқсат жоқ? Қазір мен айтқаннан айырмашылық байқап көрінізші. Мысалы, біреулер Фома Аквинский жазған кітапты немесе мұсылманның құқықтары бойынша оқулықты заң саласында қолданылатын әдебиет деп айтуы мүмкін, ал біреулер оларды діни мазмұндағы әдебиеттер қатарына жатқызады. Сол себепті біздегі қойылатын талаптар тыйымды білдіретін қызыл жалаушалар қоюға асыққан ниетімізден туындайтын сияқты».**

Тағы бір теолог маманның пікірінше, интернеттің ықпалымен бұрын болған ақпараттық шекаралар жойылған заманда мемлекеттік органдар тарапынан діни материалдарды сату және тарату үшін арнайы орындарды белгілеу қисынға сыймайды: «Бұл талаптардың мүлдем қажеті жоқ, өйткені радикалды террористік топтардың барлық қауіпті әдебиеттері мен дереккөздері әлеуметтік желілер арқылы қол жетімді болып кеткен».

Ержан Байболдың пікірінше, салалық заңнамада ескерту сияқты санкция қарастыру керек, өйткені көптеген жағдайларда соның өзі жеткілікті болар еді. Сондай-ақ, ол айыппұлдардың мөлшерін де азайту қажет деп санайды.

Тағы бір анонимді сарапшы жауаптылыққа тарту тетіктерін абайлап қолдану керек деген пікір білдірді, өйткені көптеген діни мәтіндер мәдени мұраның ажырамас бөлігі болып есептеледі – мүмкін адам әдебиетке осы тұрғыдан қызыққан шығар, яғни белгілі бір діннің идеологиясы бойынша сауатын арттыру мақсатында.

2004 жылғы 18-19 маусымда Венеция комиссиясы әзірленген Дін немесе діни сенім жөніндегі заңнаманың талдауы бойынша ұсыныстар атты құжатта «заңнаманы жетілдіру барысында қабылданған заңдардың шынымен де қауіпті әрекеттерге немесе зорлық-зомбылыққа тосқауыл қоюы маңызды, алайда олар мемлекеттегі құқық қорғау органдарына өзгелерге ұқсамайтын қандайда бір топтарға қысым көрсететін құралға айналмауы қажет» деп жазылған<sup>28</sup>.

Мысал ретінде БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің Қазақстан азаматы Сергей Геллердің өтініші бойынша шешімін келтіруге болады (хабарлама № 2417/2014). Ол Қостанай қаласында ресми тіркелген «Кришна санасы қоғамы» жергілікті діни ұйымының жетекшісі болып қызмет еткен. 2013 жылы Геллер «Кришна санасы қоғамы» мүшелерінің жиналысын өткізген болатын. Содан кейін ол 2011 жылдан бері діни іс-шараларды өткізу үшін арнайы жалға алған үй-жайда діни рәсім ұйымдастырады. Осы сәтте үй-жайға кіріп келген полиция қызметкерлері діни рәсімді тоқтатып, Геллерге өткізіліп жатқан іс-шараға қатысты телефон арқылы шағым түскенін хабарлаған. Нәтижесінде өңірлік дін істері басқармасына алдын ала ескертусіз тіркелмеген жерде діни жиналыс өткізгені үшін аталған азаматқа жергілікті сот тарапынан айыппұл салынды.

Осыдан кейін Геллер діни бостандық құқығын бұзған мемлекеттің әрекеттеріне шағымданып, БҰҰ Комитетіне көмек сұрап жүгінді. Комитет мамандары жеке тұлғаның өз діни сенімін өзгелермен бірлесіп атқару құқығына мемлекет тарапынан кедергі келтіріліп, орынсыз айыппұл салынды деген қорытындыға келді.

ҚР ӘҚБтК-де әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамында «діни көзқарас» қосымша сипаттама ретінде кездесетін өзге де баптар бар.



**«453-бап.** Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату

**1.** Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді,

соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтер мен материалдар қамтылған бұқаралық ақпарат құралдары өнімін Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау –

- бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – жиырма бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**2.** Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды насихаттауға немесе үгіттеуге, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға бағытталған, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық амалдары мен тактикасын ашатын мәліметтер мен материалдар қамтылған бұқаралық ақпарат құралдары өнімін Қазақстан Республикасының аумағында тарату, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

- бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – жиырма бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**3.** Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

- бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі тәркілене отырып, телевизиялық бағдарламаларды және (немесе) радиохабарларының таратылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметке лицензиядан айыра отырып және заңды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға – бір жүз елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

<sup>28</sup> Рекомендации по анализу законодательства о религии или вероисповедании. Утверждено Венецианской Комиссией на 59 Пленарном заседании, г. Венеция, 18 – 19 июня 2004 г. – С. 9.

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтер мен материалдар қамтылған, бұқаралық ақпарат құралдарына жатпайтын өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –
  - өнім тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға – бір жүз елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –
  - телевизиялық хабарларды және (немесе) радиохабарларының таратылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметке лицензиядан айыра отырып және заңды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – үш жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – үш жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»



**«489-бап.** Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, олардың қызметін қаржыландыру

1. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің осы қоғамдық бірлестіктердің жарғыларында айқындалған мақсаттар мен міндеттердің шегінен шығатын әрекеттер жасауы –
  - ескерту жасауға немесе заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
2. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын әрекеттер жасауы –
  - ескерту жасауға немесе қоғамдық бірлестіктің қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –
  - қоғамдық бірлестіктің қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, заңды тұлғаларға бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –
  - қоғамдық бірлестіктің қызметіне тыйым сала отырып, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
5. Шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың, шетел қатысатын заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, қайырымдылық ұйымдарының саяси партияларды қаржыландыруы -
  - заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып, лауазымды адамдарға – төрт жүз, заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
6. Саяси партияның заңсыз қайырмалдықтарды қабылдауы -
  - заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып және саяси партияның қызметіне тыйым сала отырып, төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
7. Саяси партияның қаржылық қызметі туралы жылдық есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде және көлемде жарияламау –
  - саяси партияның қызметін алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, саяси партияның, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметті қайта тіркеусіз жүзеге асыруы –
  - саяси партияның қызметіне тыйым сала отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



9. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатыла тұрған немесе оған тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау –
  - бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
10. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатыла тұрған немесе оған тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне қатысу –
  - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
11. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатыла тұрған немесе оған тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметін қаржыландыру –
  - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады».
2. Адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған немесе бірнеше рет жасалған немесе күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен ұласқан, сол сияқты адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған, оның ішінде шетелдік көздерден алынған қаражат пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер –
  - белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған не ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер –
  - белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Сонымен бірге, жоғарыда көрсетілген ҚР ӘҚБтК-дағы әкімшілік құқық бұзушылық баптарынан бөлек, ҚР Қылмыстық кодексінің кейбір баптарының қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамында діни ұстанымға қатысты белгілер енгізілген.



«**174-бап.** Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру

1. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау, егер бұл іс-әрекеттер жария немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты насихаттайтын әдебиетті немесе өзге де ақпарат жеткізгіштерді дайындау немесе тарату жолымен жасалса, –
  - екі мыңнан жеті мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл салуға не екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Орынсыз қамауларды зерттеу жөніндегі Жұмыс тобының 79 сессиясында шығарылған ортақ шешімінде (Теймур Ахмедовқа ісіне қатысты № 62/2017 шешім) келесі пікір айтылды:

«36. Жұмыс тобы Қылмыстық кодекстің 174-бабындағы діни сенім бостандығы бойынша орын алатын мәселелерге қатысты Адам құқықтары жөніндегі комитет пен арнайы баяндамашының пікірімен келіседі. «Әлеуметтік немесе топтық алауыздықты» және «діни алауыздық немесе араздықты» қоздыру бойынша анықтамалар өте кең беріліп, құқықтық нақтылық дәрежесі бойынша айқындалмаған. Қазіргі жағдайда бұл ережелер Пактінің 18-бабында көрсетілген діни сенім бостандығы бойынша құқықтарды Қазақстанда толық жүзеге асыруға елеулі қатер төндіреді. Ахмедов мырзаға қозғалған қылмыстық ісі осы қауіп негізсіз еместігін растап отыр.

Ахмедов мырзаны Қылмыстық кодекстің 174-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуға әкелген әрекеттер бейбіт сипатта болды.

Қазақстан Үкіметінің ұсынылған жауабында Ахмедов мырзаның тарапынан зорлық-зомбылық әрекеттерінің немесе басқа адамдарды зорлық-зомбылыққа итермелеудің бірде-бір мысалы мен дәлелі келтірілмеді. Керісінше, үкіметтің кешіктіріліп берілген жауабында айтылғандай, Ахмедов мырза «басқа діндерді «жалған», тек Ехоба куәгерлері зорлық-зомбылық көрсетпеген және араздық тудырмаған жалғыз шынайы дін деп айтты» деген куәгерлердің сөздеріне ғана сүйене отырып қылмыстық іс қозғалып отыр.

Нәтижесінде Жұмыс тобы Теймур Ахмедовты бас бостандығынан айыру орынсыз деп санады, өйткені бұл қадамдар Адам құқықтары декларациясының 2, 3, 7, 9 және 18-баптарына және Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы пактінің 2, 9, 18 және 26-баптарына қайшы келеді және бұл жағдайды II, III және V санаттарына жатқызуға болады»<sup>29</sup>.



**«183-бап.** Бұқаралық ақпарат құралдарында экстремистік материалдарды жариялауға рұқсат беру

Ұлттық, рулық, нәсілдік, әлеуметтік және діни араздықты тұтандыруға бағытталған, тектік-топтық айрықшалықты, соғысты насихаттайтын, билікті күштеп басып алуға, билікті күштеп ұстап тұруға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, сол сияқты Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзуға шақыруды қамтитын мәліметтер мен материалдарды баспа беттерінде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға рұқсат беру –

- белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады».



**«404-бап.** Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру, олардың қызметіне басшылық ету және қатысу

1. Қызметі азаматтарға зорлық-зомбылық жасаумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен ұштасқан не азаматтардың азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуына немесе құқыққа қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауына түрткі болған діни немесе қоғамдық бірлестік құру немесе оған басшылық ету, сол сияқты діни негіздегі партия не Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған көздерден қаржыландырылатын саяси партия немесе кәсіптік одақ құру немесе оған басшылық ету –
- белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан алты жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нәсілдік, ұлттық, рулық, әлеуметтік, тектік-топтық немесе діни төзбеушілікті немесе артықшылықты уағыздайтын немесе оны іс жүзінде іске асыратын, конституциялық құрылысты күштеп құлатуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғуға шақыратын қоғамдық бірлестік құру, сол сияқты осындай бірлестікке басшылық ету –
  - белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көрсетілген бірлестіктердің қызметіне белсенді түрде қатысу –
  - алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».



**«405-бап.** Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу

1. Қоғамдық немесе діни бірлестікке не өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, олардың қызметін ұйымдастыру –
  - шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
2. Қоғамдық немесе діни бірлестікке немесе өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, олардың қызметіне қатысу –

<sup>29</sup> Мнения, принятые Рабочей группой по произвольным задержаниям на ее семьдесят девятой сессии (21-25 августа 2017 г.). Мнение № 62/2017 относительно Теймура Ахмедова (Казахстан) //A/HRC/WGAD/2017/62

- шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

*Ескерту:* Экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның қызметіне қатысуды өз еркімен тоқтатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады».

Қазіргі кезде зорлық-зомбылық экстремизм халықаралық сипатқа ие болды, сондықтан оған қарсы күрес халықаралық деңгейде жүргізілуі тиіс. Мәселен, Е. Карин «Халифат сарбаздары: мифтер мен шындық» кітабында Қазақстан аумағындағы радикалды топтарды зерттей отырып, қазақстандық моджахедтер Кавказ әмірлігімен, атап айтқанда жиһадизм насихаттаушысы А. Тихомировпен (Саид Әбу Саад Бурятский) байланыста болды деген қорытындыға келеді<sup>30</sup>. ДАИШ террористік тобы Ирак пен Сирия аумағында халифат жариялағаны баршаға мәлім. БАҚ-та жарияланған ақапаратқа сәйкес «жиһад» жүргізу мақсатымен Сирия аумағына 150-ге жуық қазақстандық азамат көшіп кеткен<sup>31</sup>.

Жалпы, Қазақстандағы терроризм қаупін зерттеушілер оның эволюциясын үш кезеңге бөліп қарастырады. Біріншісі: 1990-шы жылдардың аяғы мен 2000-шы жылдардың басы – бұл кезде іздеуде жүрген террористердің Қазақстанды паналап жасырыну мәселесі орын алды. Екінші: 2006-2010 жылдар (радикалды топтардың қатарына белсенді тарту) – осы аралықта Қазақстан азаматтарының шетелдік үгіт-насихатқа немесе интернеттегі түрлі материалдарға еріп, басқа елдердің аумағында лаңкестік акцияларға қатысу фактілері көрініс тапты. Үшінші кезеңде лаңкестік акцияларды жоспарлаумен айналысқан жекелеген топтар Қазақстан аумағында пайда болды. Қазақстандағы діни радикализм қозғалысының негізі 2004 жылдан бастап, яғни алғашқы диверсиялық топ бой көрсеткен кезде қаланды дегуге болады. Себебі, сол жылы «Орталық Азияның моджахедтері» атты террористік топты құру мақсатында Ауғанстаннан

Қазақстанға екі эмиссар жіберілген болатын. Кейіннен экстремистер Орталық Азияның бірқатар мемлекетінде жасалған террористік актілерге жауапты деп танылды. Қазақстандағы топтың мүшелері жойылды, алайда 5-6 жыл өткеннен кейін олардың арттарында қалған жақтастары мен идеологиялық ерушілері жаңа экстремистік топтар құра бастады<sup>34</sup>.

Осы мәселені зерттеу аясында Сириядан Қазақстанға әйелдерді және көптеген балаларды қайтару үшін жүргізілген «Жусан» гуманитарлық операциясын атап кетуге болады<sup>33</sup>.



**ҰҚК-нің 2020 жылғы 20 маусымдағы деректеріне сәйкес, оралған 160-шы әйелмен жүргізілген алғашқы жұмыстың нәтижелері бойынша 38 әйел радикалды сенімдерден мүлдем бас тартты. Олар зайырлы өмір салтына немесе дәстүрлі ислам құндылықтарына қайтарылды. Сонымен бірге, 90 әйел байыпты ұстанымға өтіп, тек 15 әйел ғана бұрынғы райынан қайтпаған. Сирия мен Ирактан қайтарылған әйелдердің 17-і террористік сипаттағы қылмыстық баптар бойынша сотталған немесе тергелуде, бірақ олардың барлығы бұрынғы көзқарастарынан бас тартып отыр. Кейбір әйелдер террористік аймақтардан қайтарылғандарды реинтеграциялау және бейімдеу бойынша мемлекеттік бағдарламалардың кейбір іс-шараларына өз үлестерін қосуда»<sup>34</sup>.**

Қазіргі таңда ҚР Заңдарымен террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту жұмысы айтарлықтай реттеліп, отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері белгіленді<sup>35</sup>.

Әдетте, мемлекеттік органдар діни бірлестіктер қызметінің әрдайым назарда болуын ұлттық қауіпсіздік, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес арқылы негіздейді. Алайда, сарапшылардың пікірінше, діни бостандық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінің аражігін ажырата білу керек.

<sup>30</sup> См.: Карин Е. Солдаты Халифата: мифы и реальность. А.: 2014. – С. 134 – 135.

<sup>31</sup> Политолог рассказал, почему казахи уезжают умирать за веру //news.mail.ru/inworld/kazakhstan/society/15296228/

<sup>32</sup> Сексембаева С. Все террористические группировки в Казахстане имели горизонтальное взаимодействие //Там же.

<sup>33</sup> См. подр. Карин Е.Т. Операция «Жусан». Кого и почему вернули из Сирии?: монография. – Print House Gerona – А.: 2020. – 272 с. <sup>34</sup> Карин Е.Т. Операция «Жусан». Кого и почему вернули из Сирии?: монография. – Print House Gerona – А.: 2020. С. 270-271.

<sup>35</sup> Закон РК от 13 мая 2020 года № 326-VI ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты материнства и детства» <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000326>

Роман Подопригораның пікірінше, бұл өте күрделі мәселе: «діни бостандықтарды құрметтеуді және олардың сақталуына қолайлы режим құруды, керісінше, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатердердің алдын алу деп түсініп, яғни оларды бір-біріне қарсы қоюды доғарып, діни бірлестіктердің қызметі мемлекеттің құрылымына қандай да бір қауіп төндіреді деген ойдан арылуымыз керек. Экологиялық ұйымдар, спорттық ұйымдар және басқалар да осындай қауіп төндіруі мүмкін, мәселе олардың өзіндік бірегейлігінде емес, олардың нақты немен айналысып жүргенінде».

Александр Ключев қоғамдық тәртіпті қорғау үшін қандай жағдайларда шектеулер болуы мүмкін екенін көрсететін халықаралық құжаттарға назар аудару қажет екеніне сенімді: «Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар пактісінің 18-бабының түсіндірмелерін ашып көрсететін ЕҚЫҰ ДИАҚБ нұсқаулары бар. Халықаралық құқық құжаттарында ұлттық қауіпсіздік және сенім бостандығы арасында қайшылықтар орын алады деген түсінік жоқ, олардың арасында мүдделердің қиылысуы міндетті түрде орын алады деген тұжырым посткеңестік идеологияның жалғасы болып табылады. Дін мен сенім бостандығы ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға тиіс, ал адам құқықтарының сақталмауы белгілі бір кереғар салдарға немесе қауіп-қатерлерге әкеп соғады. Егер мемлекеттің қауіпсіздік жүйесінде қандай да бір кемшіліктер мен проблемалар байқалып жатса, бұл тек мемлекеттің әлсіздігін білдіреді, себебі әлсіз жүйеде ғана азаматтардың құқықтары шектеле бастайды».

Бейімбет Манетов діни сенім бостандығы мен ұлттық қауіпсіздік мәселесін бөлек қарастыру өте қиын деп есептейді. Әдетте, бұл миссионерлердің қызметі қадағалау, дінтану сараптамасын жүргізу және діни бірлестікті тіркеу саласында айқын байқалады. Оның ойынша, көптеген елдерде дінді жамылып, оны жеке мүдде үшін пайдаланатын адамдар бар. Сондықтан да әрбір мемлекетте өз заңдары мен ережелері қарастырылған. Әрбір мемлекеттің алуан түрлі ішкі факторларын, соның ішінде жергілікті менталитетті, елдің орналасқан жерін, мәдениетін, сондай-ақ, Қазақстан туралы айтатын болсақ, елде көптеген ұлт пен конфессия өкілдері тұратынын ескеру қажет. Әрине, Комитет (Дін істері комитеті) діндарлардың құқықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында тиісті жұмыс жүргізеді, бірақ конституциялық жүйеге және мемлекеттік қауіпсіздікке қайшы келетін проблемалар мен әрекеттерді де естен шығармаған жөн.

Алексей Килдишовтың сыни пікірін де атап кету қажет. Ол ұлттық қауіпсіздік мүддесі үшін діннен қауіптену керек деген идея 1999-2019 жылдар аралығында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен таралды деп санайды. Билік діни үрдістерді қауіпті құбылыс екенін көрсетуге тырысты, нәтижесінде азаматтардың сескенуге негізделген ортақ көңіл-күйін қалыптастырды.

Анонимді сарапшының пікірінше, проблемалық мәселелер құқық қолдану тәжірибесінде жатыр:



**Егер ұйым мемлекеттік билікті құлатуға немесе қоғамда зорлық-зомбылық жасауға шақырмаса, дұшпандық пен қастандық риторикасын қолданбаса, онда ешкімде ешбір сұрақ туындамауы керек. Бірақ біздің елде «ұлттық қауіпсіздік» мәселесіне келгенде оны ауқымды түрде қабылдай бастап, құқық сақтау саласында проблемалар туындайды».**

Құқық қорғаушы Евгений Жовтис біздің қоғам мүшелері дискриминация және стигматизация жағдайына тап болып жатыр деп санайды: «Мысалы, діни әдебиеттер әсіресе қауіпті болып саналады, дегенмен зорлық-зомбылыққа шақыру немесе оны қоздыру кез келген жерде кездесуі мүмкін. Мәселен, «Майн Кампф» діни әдебиет емес, бірақ ондағы мәтіннің жеккөрушілік тудыратын асқан қауіптілігіне ешбір күмін жоқ. Террористік әрекет әрқашан діннен туындайды деа айту үлкен қателік, бұл екі ұғымды бір-бірімен байланыстыруға болмайды».



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АР-ОЖДАН ЖӘНЕ ДІН БОСТАНДЫҒЫ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМАСЫН ҚАЗАҚСТАН ТАРАПЫНАН РАТИФИКАЦИЯЛАҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өркениеттік дамудың қазіргі жағдайында зайырлы қоғам мен діннің арақатынасы бойынша күрделі әлеуметтік-мәдени мәселелер тоғысады. Әр елде мемлекеттік-конфессиялық жүйенің өзіндік формасы қалыптасып, өзара қарым-қатынас әртүрлі жолдармен жүзеге асады<sup>36</sup>. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 18-бабына сәйкес, «Әр адам ой-пікір, ар-ождан және діни сенім бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі, немесе басқа адамдармен бірігіп тұтып, жария түрде, немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды»<sup>37</sup>.

Сондай-ақ, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінде де<sup>38</sup> аталған құндылықтар белгіленген: «Әрбір адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық дінге сену немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп тұту бостандығын, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни және наным-сенім мен ілім салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды» (18-баптың 1-тармағы).

Жалпы тәртіптегі № 22 ескертулердің (18-бап, 48 сессия, 1993 ж.) 1-тармағында келесідей ережелер көзделген: «18-баптың 1-тармағында қарастырылған ой-пікір, ар-ождан және діни сенім бостандығы (ұстаным бостандығын қоса алғанда) құқықтары өте кең және терең болып табылады; ол барлық мәселелер бойынша ойлау еркіндігін, сондай-ақ адамның көзқарасын, жеке және басқалармен бірге ұстанатын дінге немесе сенімге деген тиесілігін қамтиды. Комитет ой бостандығы мен ар-ождан бостандығы дін мен сенім бостандығы сияқты мемлекеттердің ерекше назарында болуы керек деп есептейді. Бұл бостандықтардың негізгі сипаттамасы Пактінің 4-бабының 1-тармағына берілген және оған сәйкес тіпті төтенше жағдай кезінде де осы нормадан ауытқуға жол берілмейтіні туралы айтылған (1-тармақ)<sup>39</sup>.

1981 жылғы 25 қарашадағы Дін немесе наным-сенім негізіндегі төзбеушіліктер мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы Декларацияның 1-бабының 1-тармағында «әрбір адамның ой-пікір, ұят және діни сенім бостандығына құқығы бар. Бұл құқық өз таңдау бойынша кез келген сипаттағы дінге немесе наным-сенімге ие болу бостандығын, өз дінін тұту бостандығын және дін ғұрыптарын ұстануда,

<sup>36</sup> Наумов С., Слонов Н. От атеистического государства – к светскому // Свободная мысль, 2009. №9. С.49.

<sup>37</sup> Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O4800000001>

<sup>38</sup> Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан). Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» N 91 Заңымен ратификацияланды <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z0500000091>

<sup>39</sup> Замечания общего порядка № 22. Статья 18 (Сорок восьмая сессия, 1993 г.) // Рекомендации по анализу законодательства о религии или вероисповедании. Утверждено Венецианской Комиссией на 59 Пленарном заседании, г. Венеция, 18 – 19 июня 2004 г.– С. 44

діни және салттық дәстүрлер мен оқуларды орындауда жария түрде немесе жеке тәртіпте дербес немесе өзгелермен бірігіп, наным-сенімін білдіру құқығын қамтиды» деген ережелер тағыда көрініс тапқанын көреміз<sup>40</sup>.

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы Конвенцияның 9-тармағына сәйкес, «әркімнің ой-пікір, ар-ождан және діни сенім бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе сенімін өзгерту еркіндігін және өз дінін немесе сенімін ұжымдық немесе жеке тәртіпте ғибадат ету, оқыту, діни қызмет ету еркіндігін қамтиды. Өз дінін немесе нанымын ұстану бостандығы тек заңнама аясында және демократиялық мемлекеттегі қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіпті, денсаулықты немесе рухани құндылықтарды сақтау немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында ғана шектелуі мүмкін»<sup>41</sup>.

Кезінде Еуропалық Адам құқықтарын қорғау соты «Коккинакис Грецияға қарсы (Kokkinakis V. Greece)»<sup>42</sup> деген істі қарап, келесідей қорытынды жасаған болатын: «ой-пікір, ар-ождан және діни сенім бостандығы – діндар адамның тұлғалық бейнесін және өмір салтына әсер ететін демократиялық қоғамның негізі және өмірлік маңызы бар элементтерінің бірі. Бірақ бұл атеист, агностик, скептик және сол сияқты өзге көзқарастағы адамдар үшін де құндылық болып табылады. Діни бостандық дегеніміз өзінің діни сенімдерін тек өз қауымдастығы, «көпшілік алдында» және бір сенім ұстанымдағы адамдар шеңберінде ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғалық «құлшылық» пен «әрекеттерді», соның ішінде қасындағы адамдарды өз сеніміне шақыру құқығын да білдіреді».

Адам құқықтары жөніндегі комитетінің 112-ші сессиясында қабылдаған (2014 жылғы 7-31 қазан) Пайымдауларда төмендігі маңызды мәселелер айтылған:

«9.2. Комитет Пактінің 18-бабына қатысты автордың айтылған шағымы бойынша, Пактінің 18-бабының 3-тармағына сәйкес, дін мен ұстаным бостандығы заңда нақты белгіленген немесе қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулық пен моральды, сондай-ақ басқа адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажетті шектеулерді ғана қолдануға болатынын еске салады. Сонымен қатар, ғибадат етуде, діни және ғұрыптық рәсімдерді орындауда дінді ұстану құқығы діни топтардың негізгі іс-әрекеттерін жүргізумен тығыз байланысты, мысалы,

діни жетекшілерді, діни қызметкерлер мен уағызшыларды еркін тағайындау, семинария немесе өзге де діни мектептерді еркін құру сияқты кең ауқымды іс-әрекеттерді қамтиды. Бұл жағдайда автор өз шіркеуінің атынан шетелдік миссионер ретінде алдын ала тіркелмей, уағыздар мен дұғаларды оқудан және осы шіркеудің қауымдарымен кездесулер мен діни рәсімдерді өткізуден тұратын миссионерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін сотталғанын атап өтті. Комитет өзінің № 22 жалпы тәртіп туралы ескертуін басшылыққа ала отырып, бұл әрекеттер шағым берушінің сенім құқығының элементтері болып табылады деген қорытынды жасап, айыппұл салу, елден шығару үкімін қабылдау және сол елде тұру құқығынан айыру оның діни бостандығына жасалған шектеу деп санайды»<sup>43</sup>.

Сарапшылар тарапынан Қазақстандағы діни сенім бостандығы бойынша қолданыстағы заңнаманың халықаралық стандарттарға қаншалықты сәйкес келетіндігі жөнінде түрлі пікірілер айтылды.

Данил Бугловтың айтуынша, 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңында діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету саласы бойынша едәуір шектеулер енгізілді. Мысалы, адам діни ғибадатты көпшілікке қосылмай-ақ жеке өзі орындауы мүмкін. Ұжымдасқан діндарлар арнайы бірлестік ретінде тіркелмеген болса, олардың топтасып ғибадат пен салт-жораларды атқаруға құқықтары жоқ. Діни қауым ретінде тіркелу үшін құрылтайшылар көптеген кезеңдерден өтеді, мәселен, алдымен белгілі бір діндарлардың санын жинау керек, ал оларды жинау үшін миссионерлікпен айналысу қажет, заңды миссионерлік қызметке келетін болсақ, оны діни бірлестік ретінде тіркеусіз өткізуге тыйым салынған. Яғни, қай жағынан келсек те, заңды бұзбау мүмкін емес болып шығады. Сол себепті діни бірлестіктер көп жағдайда заң бұзушылыққа баруға мәжбүр болып қалады. Заңда бұдан басқа да шектеуші нормалар кездеседі, сондықтан салалық заңнама діни сенім бостандығы құқықтарына сәйкес келмейді деуге толық негіз бар.

Александр Ключевтің пікірінше, «қазақстандық заңның халықаралық стандарттарға сәйкестігін 10 балдық рейтингтік жүйе бойынша бағалай отырып, мен 0 деген балл қояр едім, өйткені тұлғаның діни сенім мен ұстаным бостандығын міндетті тіркелуден өту талабына туелді етіп қойған. Бұл бірден азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 18-бабына қайшы келеді».

<sup>40</sup> Декларация о ликвидации всех форм нетерпимости и дискриминации на основе религии или убеждений от 25 ноября 1981 г. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O8100000001>

<sup>41</sup> Конвенция о защите прав человека и основных свобод от 4 ноября 1950 года <https://www.coe.int/ru/web/compass/the-european-convention-on-human-rights-and-its-protocols>

<sup>42</sup> Коккинакис против Греции (Kokkinakis v. Greece): Постановление Европейского Суда по правам человека от 25 мая 1993 года (жалоба № 14307/88) <https://european-court.ru/resheniya-evropejskogo-suda-na-russkom-yazyke/kokkinakis-protiv-greicii-postanovlenie-evropejskogo-suda/>

<sup>43</sup> Соображения, принятые Комитетом по правам человека на его 112-1 сессии (7-31 октября 2014 г.) //CCPR/C112/D/2131/2012

Ержан Байбол қазақстандық заңнаманың халықаралық нормаларға толық сәйкес келетініне сенімді:



**Әрине, қоғам бір орында тұрмайды және заңдар азаматтардың нақты сұрақтары мен сұраныстарына сәйкес келуі шарт және заңдар қоғамдағы процестерді реттеуге бағытталуы керек. Сондықтан қолданыстағы заңнаманың нормаларын үнемі талдап, жетілдіріп тұру қажет. Сондай-ақ, діни сенім бостандығы бойынша қазақ тілінде жазылған халықаралық стандарттарды табу қиын, тіпті орыс тіліндегі әдебиеттер мен арнайы зерттеулер жеткіліксіз екенін ұмытпаған жөн. Халық ол нормалар туралы қайдан білсін?**

Тағы бір мәселе бар – отандық заңнама қағаз жүзінде халықаралық принциптерге сәйкестендіріліп, бірақ білімнің аздығынан тәжірибе жүзінде қолданылмауы мүмкін. Сондықтан болашақ мамандарды оқытып, дін саласындағы саясатты қалыптастыратын және іске асыратын лауазымды тұлғалардың кәсіби біліктілігін арттыру қажет».

Бейімбет Манетовтың пікірінше, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы халықаралық тәжірибенің барлық ерекшеліктері мен талаптарын ескеріп, адами құқықтардың басты стандарттарына сәйкес келеді, қоғамдағы діни сенім бостандығын толыққанды қамтамасыз етуді және конфессияаралық келісімді нығайтуды мақсат етеді. Сонымен қатар, бұл тақырып көптеген жиындарда, соның ішінде халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен бірлесіп өткізілетін кездесулерде үнемі талқыланады. Мәселен, сондай талқылаулардың нәтижесінде 2021 жылғы 29 желтоқсанда дін саласының заңнамасына кейбір жекелеген өзгерістер енгізілді:

Біріншіден, заңнамада «діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың» мазмұны толыққанды ашылмаған болатын. Енді заңда бұл ұғымға «кез келген материалдық жеткізгіштегі діни сипаттағы баспалық, электрондық және өзге де ақпарат» деген нақты анықтама берілді.

Екіншіден, діни іс-шараларды діни ғимараттардан тыс жерлерде өткізуге арналған үй-жайларды белгілеу рәсімі жеңілдетілді. Енді діни бірлестіктер жергілікті атқарушы органдардың ресми жауабын күтпей-ақ, қажетті мәліметтер толық көрсетілген хабарлама жолдаған жағдайда тиісті іс-шараларын діни ғимараттардан тыс жерлерде өткізе алады.

Үшіншіден, енді дінтану сараптамасына психолог, әлеуметтанушы және басқа да салалық мамандар қатысуы мүмкін. Осы өзгерістер қабылданғанға дейін сараптаманы тек теолог және дінтанушы мамандар жүргізді.

Төртіншіден, өңірлік діни бірлестіктерді тіркеуге қойылатын талаптар жеңілдетілді. Егер бұрын өңірлік бірлестік құру үшін екі немесе одан да көп облыстың жергілікті діни бірлестіктерін біріктіру қажет болса, жаңа нормалар бойынша бір облыстың бірлестіктері де жеткілікті. Сонымен қатар, егер бұрын бірігетін екі бірлестіктің әрқайсысында кемінде 250 адам болуы талап етілсе, қазір бір бірлестікте 180 адам, ал екіншісінде 320 адам болуына рұқсат етілді.

Дегенмен, анонимді сарапшының пікірінше, 1992 жылғы заңмен салыстырғанда 2011 жылғы заң нормаларына тән қатаң талаптар бәрібір айқын көрініп тұр: «Бұрынғы заңның атауына қарасаңыз бәрін түсінесіз, онда «діни сенім бостандығы» мен «ар-ождан бостандығы» сияқты сөздер қолданды, ал қазіргі заңнамада бұл сөздер жоқ. Қазіргі заңнама діни қызмет саласын басқаруды мақсат етеді, оның талаптары өте қатал, сол себепті оны діни саланы толық қадағалаған кеңес заманындағы заңдардың жалғасы ретінде қабылдауға болады. Қолданыстағы салалық заңнаманы БҰҰ құжаттарымен мұқият салыстыратын болсақ, сәйкессіздіктер айқын байқалады».

# 2.1

## Бас киім және діни атрибутика

Қазіргі таңда адамның діни бас киім кию құқығы өзекті практикалық мәселелердің біріне жатады. Конституциялық құқық саласына арналған зерттеулерде бас киім діни бостандық құқығын жүзеге асырудың көрінісі ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, ол зерттеулерде бас киім кейбір діндерде белгіленген міндет екендігі айтылған, алайда оны кию немесе кимеу әйелдердің құқығы мен таңдауына тиесілі. Бұл жағдайда әйелдердің таңдауы заңнамалық жауаптылық аясына кірмейді, жауапкершілік жеке тұлғаның моральдық-рухани өмірінің шеңберінде қалады<sup>44</sup>. Айта кету керек, әйелдің қоғамдық жерде орамал тағып жүруі исламдағы шариғатпен ғана емес, басқа да діндердің ережелерімен талап етіледі.

Жалпы тәртіптегі № 22 ескертулердің (18-бап, 48 сессия, 1993 ж.) 4-тармағында келесідей түсіндірме берілген: «діни ғибадаттарды орындау немесе наным-сенімдерді ұстану тек шіркеулік рәсімдерді орындаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар тамақтанудағы тыйымдарды, арнайы киім немесе бас киім киюді, өмірдің белгілі бір кезеңдерімен байланысты салт-дәстүрлерді және қауым өкілдері қарым-қатынас жасайтын тілдік тәжірибелерді қамтиды»<sup>45</sup>.

Қазақстанда хиджаб кию тақырыбы қоғамда жиі көтерілетін мәселелердің қатарына жатады. «ҚР Білім және ғылым министрлігі мектептерде және жоғары оқу орындарында діни киім киюге тыйым салуды көздейді. Уәкілетті мемлекетті орган арнайы заң жобасын дайындап қойған. Ықтимал өзгерістер әзірше талқылануда, алайда жастардың кейбірі қазірдің өзінде заңнамалық өзгерістерге қарсы наразылық акцияларын ұйымдастыруға дайын»<sup>46</sup>. Кезінде ҚР Білім және ғылым министрі Ж. Түймебаев мектеп оқушыларына хиджаб киюге тыйым салынғаны туралы ресми мәлімдеген болатын<sup>47</sup>. Одан бөлек, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 3-02-4/2059 хатында оқу орындарында діни киім кию және намаз оқу бөлмелерін ашу мүмкін еместігі көрсетілді.

Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің Діни сенім бостандығы туралы 2021 жылғы баяндамасында келесідей ақпарат келтірілген: «қыркүйек айында 1640 ата-анадан тұратын бір топ белсенді азаматтардан Президент

Тоқаевқа ашық хат жолданып, онда қыздарға дәстүрлі қазақ мәдениетінің бас киімі кимешекті мектептің ішінде киюге және мектепте намаз оқуға рұқсат беріліп, тиісті өзгерістерді заңнамаға енгізу туралы өтініш айтылды. Дін істері комитетінің төрағасы Ержан Нүкежанов 7 қыркүйекте БАҚ өкілдеріне жасаған мәлімдемесінде зайырлылық қағидаттарына сәйкес Білім министрлігінің 2016 жылғы Бұйрығында көрсетілген міндетті мектеп формасының талаптары мемлекеттік және жеке оқу орындарында сақталатыны туралы айтып кетті. Себебі Бұйрықта білім алушыларға дәстүрлі киім үлгілерін киюге рұқсат берілмейді»<sup>48</sup>.

ҚР Конституциясының 22-бабының 1-тармағына сәйкес, «ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс». Бұл конституциялық ереже білім алу құқығын да қамтиды. Сәйкесінше, Қазақстандағы Білім туралы заң да, Министрдің бұйрығы да кез келген азаматтың білім алуына кепілдік беретін конституциялық құқығынан жоғары бола алмайтыны анық.

Қазақстанда дінге деген көзқарасы бойынша ешкімді де кемсітуге жол берілмейді (ҚР Конституциясының 14-бабының 2-тармағы). 1999 жылғы 7 маусымда қабылданған «Білім туралы» ҚР Заңының 3-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес, білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады: «баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі».

Хиджаб мұсылман әйелінің сырт келбетінің ажырамас атрибуты болып саналады, олардың көпшілігі оны кимей тіпті үйден шыға алмайды. Сондықтан білім беру саясатын жүзеге асыру барысында кейбір оқушылардың осы ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Зайырлы мектепте (діни оқу орнында емес) оқығысы келетін және исламдық талаптарға сай хиджаб кийуді қалайтын адамның ниетіне тыйым салмау және конституциялық құқығын шектемеу мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді.

<sup>44</sup> См.: Омарова З.А. Головной убор как реализация права на свободу вероисповедания // Конституционное и муниципальное право, 2010. №2. С11.

<sup>45</sup> Замечания общего порядка № 22. Статья 18 (Сорок восьмая сессия, 1993 г.) // Рекомендации по анализу законодательства о религии или вероисповедании. Утверждено Венецианской Комиссией на 59 Пленарном заседании, г. Венеция, 18 – 19 июня 2004 г. – С. 45

<sup>46</sup> В учебных заведениях могут запретить носить хиджаб // [http://www.zakon.kz/top\\_news/192577-v-uchebnykh-zavedeniyakh-mogut-zapretit.html](http://www.zakon.kz/top_news/192577-v-uchebnykh-zavedeniyakh-mogut-zapretit.html)

<sup>47</sup> Закон запрещает подчеркивать принадлежность к определенной вере – Минобразования // [https://www.kt.kz/rus/society/zakon\\_zapreshaet\\_podchervivat\\_prinadlezhnost\\_k\\_opredelennoj\\_vere\\_minobrazovaniya\\_1153498451.html](https://www.kt.kz/rus/society/zakon_zapreshaet_podchervivat_prinadlezhnost_k_opredelennoj_vere_minobrazovaniya_1153498451.html)

<sup>48</sup> Казахстан: Доклад о свободе вероисповедания за 2021 год <https://kz.usembassy.gov/ru/2021-report-on-international-religious-freedom-kazakhstan/>



Қазақстанның бұрынғы Әділет министрі Р. Түсіпбеков діни киім киюге қатысты сұраққа жауап бере отырып, «Конституция мен заңның ережелеріне қарайтын болсақ, қолданыстағы заңнамада оқушылардың киімі, оның ішінде хиджаб бойынша қандай да бір шектеулер жоқ» деген пікір білдірген болатын<sup>49</sup>. Яғни, ар-ождан бостандығы құндылықтарына сәйкес, жеке тұлғаға Конституцияның 13-бабында кепілдік берілген құқығын ешкімнің де шектеуге құзыреті болмауы тиіс.

Қазақстанда жалпы білім беру орындарында оқушылардың бас киімдерін кию тақырыбы 2017 оқу жылынан бастап қайтадан өзекті бола бастады<sup>50</sup>. Егер «діни киімге рұқсат ету – ар-ождан бостандығын жүзеге асыру»<sup>51</sup> деген мәселесіге терең бойламай-ақ (қаншалықты қажетті екенін жақсы түсінсек те), заң тұрғысынан бұл шиеленісті жағдайдың аясында төмендегі мәселелерді атап өтуге болады.

Бұрынғы Білім және ғылым министрі А. Сәрінжіповтың 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 26 Бұйрығы шықты (бұдан әрі – Мектеп формасына қойылатын талаптар)<sup>52</sup>. Алайда, бұл бұйрықта 13-тармақтың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері бір біріне толықтай сәйкес келмеді. Бұл мәселені келесі Министр Е. Сағадеевке шұғыл түрде түзетуге тура келді<sup>53</sup>. «Мектеп формасына қойылатын талаптардың» 13-тармағында:

«13. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды» деп жазылған.

Бастапқыда «Мектеп формасына қойылатын талаптардың» 13-тармағының қазақ тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда жазылды:

«13. Мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Орта білім беру ұйымында кез келген діни конфессияға қатынасын білдіретін діни киімдерді (хиджаб, никаб, бурка, паранжа, сикх тюрбандары және иудей кипа-бас киімдері және т.б.) және кез келген діни атрибутикаларды (белгілерді) киюге тыйым салынған»<sup>54</sup>.

Көріп отырғанымыздай, Мектеп формасына қойылатын талаптардың қазақ тілінде жазылған 13-тармағында жалпы білім беру орындарында киюге рұқсат

етілмейтін хиджаб, никаб, бурка, паранжа, сикх тақия, еврей бас киімдері-киптер сияқты діни киімдердің түрлері нақты көрсетілген.

«Facebook» әлеуметтік желісінде осы қайшылық жария болған соң, Білім және ғылым министрі Е. Сағадиев салалық құжатқа тиісті өзгерістерді шұғыл түрде енгізді. Бірақ Мектеп формасына қойылатын талаптардың 13-тармағының қазақ және орыс тілдеріндегі мазмұны жағынан әр түрлі мәтіндердің қолданыста қатар жүрген уақыт аралығында кейбір өңірлерде мектеп әкімшілігі мен ата-аналар арасында оқушылардың тегін орта білім алу құқығын шектеудің заңдылығына қатысты бірқатар жанжалды жағдайлар мен сот даулары орын алып үлгерді.

«Мектеп формасына қойылатын талаптардың» 13-тармағында қолданған «түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтері» деген анықтама тым кең мағынада беріліп, әртүрлі түсініктерді қалыптастырды. Ал құқықтық актілер заңнамасына сәйкес, «нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс» («Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 24-бабының 3-тармағы)<sup>55</sup>.

«Діни киімнің элементтері» деп нені түсінуге болады? Оған оқушының мойнындағы айшық, крест немесе тұмар жатады ма? Мектеп оқушысының басындағы орамал ма әлде кимешек пе?

Яғни, бұл жағдайда нақты жауапты талап ететін сұрақтар туындайды.

Мектеп әкімшілігінің мектеп оқушыларының бас киімі киюі себебінен сабаққа жібермеу және сол арқылы мемлекеттік оқу орындарында білім алу құқығын шектеу жөніндегі іс-әрекеттері қаншалықты дұрыс (Конституцияның 30-бабының 1-тармағы)?

Неліктен мектептердің ішкі ережелері (Білім және ғылым министрінің тиісті бұйрығына негізделсе де) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарынан жоғары қойылады?

2010 жылғы 10 желтоқсанда, яғни 2017 жылғы конституциялық реформаларға дейін ҚР Конституциясының

<sup>49</sup> Законодательство Казахстана не запрещает носить хиджаб в учебных заведениях – Минюст // [https://www.kt.kz/rus/society/zakonodateljstvo\\_kazahstana\\_ne\\_zapreshetaet\\_nositj\\_hidzhab\\_v\\_uchebnih\\_zavedenijah\\_minjust\\_1153497946.html](https://www.kt.kz/rus/society/zakonodateljstvo_kazahstana_ne_zapreshetaet_nositj_hidzhab_v_uchebnih_zavedenijah_minjust_1153497946.html)

<sup>50</sup> См. напр.: Урналиев С. «В Уральске идет суд по иску отца школьницы, которую не пускают на занятия в платке» <https://rus.azattyq.org/a/28851310.html>

<sup>51</sup> См. подр.: Габдуалиев М.Т. Хиджаб в Казахстане – быть или не быть <https://ia-centr.ru/experts/test/9517/>

<sup>52</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 26 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013085>

<sup>53</sup> См. подр.: Габдуалиев М.Т. Трагедия одного министерства – 3: Четыре главных проблемы образования в Казахстане <http://press-unity.com/analitika/9732.html>

<sup>54</sup> <http://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1600013085/14.01.2016>

<sup>55</sup> Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» № 480-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000480>

39-бабының 2-тармағына өзгерістер енгізу ұсынылды<sup>56</sup>. Ал «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы № 51-VI ҚР Заңымен<sup>57</sup> ҚР Конституциясының 39-бабының 2-тармағына төмендегі өзгерістер енгізілді:

«2. Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады».

Осы ретте, мемлекеттік органдар «Мектеп формасына қойылатын талаптардың» 13-тармағын қолдану барысында Конституцияның 39-бабының 2-тармағындағы соңғы өзгерістерді назарда ұстауы тиіс деп есептейміз.

ҚР Конституциясының 78-бабына сәйкес, «соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті» (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Конституциялық Сотына).

Сот кезінде, бір жағынан, азаматтардың конституциялық құқықтары (орта білім алу құқығы, діни сенім бостандығы құқығы) және, екінші жағынан, мемлекеттің зайырлылығы жөнінде (Білім және ғылым министрі және оқу орындарының әкімшілігі өз бұйрығын негіздейтін) конституциялық ережелер арасында қайшылық орын алатынын ескерсек, онда Қазақстан Республикасы Конституциясына орта білім саласындағы «Мектеп нысанына қойылатын талаптардың» 13-тармағының сәйкестілігі ҚР Конституциялық Кеңесімен (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Конституциялық Сотымен) айқындалуы керек.

Роман Подопригораның пікірінше, «діни киім дегеніміз діни сенім бостандығы құқығының ажырамас бөлігі, бұл тұрғыда, әрине, мемлекет бұған тікелей тыйым сала алмайды. Сондай-ақ, мектепте түрлі дін өкілдерінің балалары оқиды, сондықтан қолданыстағы талаптар олардың да діни бостандығына әсер етеді. Сол себепті діни бірлестіктердің өздеріне зайырлы білім беретін және діндарларға жағдай жасайтын мектептерді ашу сияқты балама жолдарын таңдауға рұқсат берілгені абзал. Осы тұрғыдан білім саласындағы бұйрық халықаралық стандарттарға қайшы келеді деуге болады». Аталған мәселе бойынша анонимді сарапшы өзгеше пікір білдірді.

Оның ойынша, белгіленген жерлерде діни атрибутикалық киімді киюге тыйым салу ҚР Конституциясында көрсетілген зайырлылық қағидаты қоғамда қатаң сақталуына кепілдік береді: «Біздің қоғамда белгілі бір сыртқы діни атрибуттарды қолданатын көптеген діни бағыттар мен этникалық топтар бар екенін естен шығармау керек, олардың да өз киімдерін киюге ниеті жоқ деп кім айтты? Бізде белгілі бір ұлт өкілдері шоғырланған мектептер бар, жексенбілік мектептер бар, сол жерде олар ана тілін оқып, ұлттық және діни салт-дәстүрлерін толыққанды игере алады. Ал зайырлы мектепте дүниетаным мен көзқарас алуан түрлілігіне жағдай жасалып, оларды балалар көріп, біліп, түсініп өсуі керек, өйткені келешекте олар осы қоғамда өмір сүреді. Бұл баланың құқықтарын шектемейді, керісінше қоршаған ортаны терең тану үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді».

Данил Бугловтың пікірінше, бұл бағыттағы халықаралық тәжірибе әр түрлі. Кейбір дамыған елдерде оқушыны сәйкестендіруге кедергі келтіретін діни киім киюге тыйым салынады, ал басқаларында бетті толық жаппай киюге мүмкіндік береді.



### **Халықаралық қоғамдастықта мектептерде діни киім киюге тыйым салуға жол бермеу туралы нақты консенсус жоқ. Алайда, мұндай тыйымдар мен шектеулер көптеген сұрақтар туғызады.**

Біріншіден, мектеп оқушылары өздерінің жеке діни сенімдерін ұстануға және олардың ата-аналары балаларын белгілі бір жолмен тәрбиелеуге құқылы саналады. Екіншіден, білімге қол жеткізу мәселесі туындайды, өйткені мұндай балалардың ата-аналары білім берудің балама жолдарын іздеуге мәжбүр, ал егер мұндай жолдарда қаражат болмаса, бұл одан да күрделі мәселеге әкеледі. Сондықтан, балаларға білім алуына кепілдік беру үшін бұл мәселеде мемлекет ортақ шешімге келуі тиіс.

Александр Ключевтің ойынша, Қазақстандағы талаптарды дінге қарсы ашық күрес ретінде қабылдауға болады: «Конституция аясында мемлекет толық орта білімге кепілдік береді, ал егер білімді тек медреседе немесе жеке мектепте алуы талап етілсе, онда бұл діни көзқарас бойынша дискриминация болып саналады, дегенмен салалық бұйрықта бұл туралы ештеңе жазылмаған».

<sup>56</sup> См. подр.: Габдуалиев М.Т. Хиджаб в Казахстане – быть или не быть <https://ia-centr.ru/experts/iats-mgu/khidzhab-v-kazakhstane-byt-ili-ne-byt/>

<sup>57</sup> Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 51-VI Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000051>

Бейімбет Манетовтың айтуынша, «Білім туралы» Заңның нормаларына сай орта білім беру ұйымдарында оқығысы келетін білім алушылар мектеп формасына қойылатын талаптарды, мектептің жарғысы мен өзге де ішкі құжаттарында көзделген ережелерді орындауға міндетті.

Анонимді сарапшы қандай жағдай болмасын кез келген бала білім алу құқығынан айырылмауы тиіс екеніне сенім білдірді: «Қазақстанда діндарлық деңгейі үнемі артуда, сондықтан тыйым салудың қазір ешбір мәні жоқ. Ол үшін зайырлылық сақтау бағытындағы саясатты ертерек өзгерту керек еді».

Евгений Жовтис бұл мәселе бойынша БҰҰ комитетінде де бірыңғай ұстаным жоқ екенін атап өтті: «Өйткені мұнда құқықтар бәсекелестігі орын алған, яғни белгілі бір адамның ар-ождан бостандығы бар, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтары бар және мемлекеттің зайырлы саясаты бар. Осы бәсекелес құқықтарды үйлестіру, идеалды қатынас аясын табу мәселесі әрдайым туындап тұрады. Зайырлы мектептер бойынша жағдай одан да күрделі. Барлығын қанағат ететін жауап таба алмайсыз,

Еуропалық адам құқықтары бойынша соты қоғамда қайшылық орын алған сәттерде мәдениет, дәстүр және мораль құндылықтарына негізделген мемлекеттің ұстанымын ескеру қажет деп санайды».

Сауалнамаға қатысқан теолог маманның ойынша, «мектептер – зайырлылық орны» деген ұстаным қатаң сақталуы тиіс. Мемлекет ол жерде ортақ ережелер, стандарттар және білім беру бағдарламасын енгізуге толық құқылы, алайда «бұл жағдайда діни атрибутқа нені жатқызамыз деген сұрақ туындайды. Оған барлық жерде сатылатын дәстүрлі орамал мен тақия жатады ма? Олар діни киім қатарына кіре ме, әлде әдет-ғұрыптың элементі болып санала ма? Ең өкініштісі, осы жағдайларда, бір жағынан, діндар ата-аналар, екінші жағынан, мектеп әкімшілігі өз талаптарын орынды деп санап, балалар екі ортада қалып қойып отыр. Меніңше, бұл мәселе мектеп оқушыларының, әсіресе жоғары сынып оқушыларының пікірлерін ескере отырып шешілуі керек. Өкінішке орай, қазіргі уақытта мектеп формасына қатысты мәселелер құқықтық саладан шығып, өте саяси сипаттарға ие болған. Сол кездерде реттеу әрекетіне қарағанда мүлде араласпау тиімдірек пе деген ойға келемін».

## 2.2 Діни бірлестіктерді тіркеу мәселелері

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңында «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне, сол сияқты Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жораларға және (немесе) дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір мәжбүрлеуге жол берілмейді» (3-баптың 12-тармағы) деп жазылған.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 12-бабының 1-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасында: жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктер құрылуы және әрекет етуі мүмкін».

Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматының бастамасы бойынша құрылған, бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет

ететін діни бірлестік жергілікті діни бірлестік болып танылады».

Венеция комиссиясының 2004 жылғы 18-19 маусымда бекіткен дін немесе діни сенім саласының заңнамасын талдау нәтижесінде келесідей Ұсыныстар берілген:

- Діни ұйымдарды тіркеу міндетті болмауы тиіс, алайда діни қауым заңды тұлға дәрежесін және сол сияқты өкілеттіктерді (жеңілдіктерді) алу үшін оларға тіркеуден өту талабы қойылуы мүмкін;
- Жеке тұлғаларға немесе тұлғалар тобына қалаулары бойынша тіркеусіз ғибадат ету құқығы берілуі керек;
- Кез-келген ұйым заңды тұлға дәрежесіне ие болғысы келген жағдайда аса күрделі талаптар қойылмауы тиіс;
- Заңды тұлға дәрежесін иемденуге қойылатын талаптардың шектен тыс шектеулерге немесе кедергілерге айналмау мәселесі мұқият талдануы қажет<sup>58</sup>.

<sup>58</sup> Рекомендации по анализу законодательства о религии или вероисповедании. Утверждено Венецианской Комиссией на 59 Пленарном заседании, г. Венеция, 18 – 19 июня 2004 г. – С. 19 – 20.

Осы ретте профессор Роман Подопригора сұхбат барысында өзекті мәселені атап кетті: «Діни бірлестік құрғыңыз келсе, онда құрылтайшы ретінде кемінде 50 адамның болуы талап етіліп, олардың әрқайсысы Қазақстан азаматы, кәмелетке толған тұлға және бірлестік құрылатын аймақта ресми тіркелген тұрғын болуы міндеттеледі. Бұл Қазақстан үшін өте жоғары сандар. Өздеріңіз білесіздер, бізде халық көп емес, сондықтан ауылда 50 адамды табу өте қиын. Сол себепті де діни бірлестіктің өкілдері кейде көршілерінен, достарынан, достарының таныстарынан қол жинау сияқты технологияларды қолданады»<sup>59</sup>.

Сондай-ақ, ол міндетті тіркеуді басты проблемалардың бірі және діни сенім бостандығы құқығын өрескел бұзу деп санайды: «Қазақстанда 2005 жылға дейін бұл міндетті тіркеу деген болмаған және одан дүние шайқалған жоқ. Ал бүгінде мұның бәрі криминал болып есептеледі, тіркелмегендер қылмыскерге айналады. Менің есептеулерім бойынша, Қазақстандағы діни қауымдардың үштен бірі «тіркелмегендер» қатырында. Бұл жобалап айтқанда, бұл салаға кешенді зерттеулер қажет. Беларусь мемлекетін есепке алмағанда, Еуропада мұндай жағдайды кездеспейді. Тіпті, Ресейдің заңнамасы қаншалықты қатаң болғанымен, тіркеу деген процедура ол жақта жойылған, ал бізде рудимент ретінде сақталып қалды».

Ержан Байболдың айтуынша, тіркеу тәртіп үшін қажет, өйткені тұрақты өткізілетін діни рәсімдер мен сал-жораларға көптеген адамдар тартылған жағдайда қаржылық және құқықтық мәселелер бойынша жауапкершілік нақты бір бірлестікке жүктеледі.

Бейімбет Манетов пікірінше, тіркеу процедурасы мүліктік айқындықты бекітеді, азаматтық қарым-қатынас саласында нақты субъект пайда болады, сол арқылы тиісті құқықтар мен міндеттер жүктеліп, мемлекетпен заң аясында диалог жүргізу және өз мүдделерін қорғау үшін тиісті тетіктер қалыптасады. Одан бөлек, ресми тіркелген діни бірлестіктер салық заңнамасына сәйкес тиісті жеңілдіктерге ие болады.

Алексей Килдишов пайымдауынша, «міндетті ресми тіркелу процедурасы діни бірлестіктердің санын қысқарту үшін енгізілді».

2011 жылғы заң нормалары енгізілгенге дейін бізде 40-тан астам конфессияның діни қауымдары болатын, қазір 18 конфессия қалды. Яғни, конфессиялардың жартысынан көбі тіркеуден өткен жоқ, олардың едәуір бөлігі «жасырын» қызмет жасауға мәжбір».

Евгений Жовтистің пікірі бойынша, халықаралық стандарттарға сәйкес жеке тұлғалар мен қауымдар өздерінің қызметі үшін рұқсат сұрамауы керек. Тіркеу процедурасы лицензия алу процедурасына ұқсап кетті, бұны халықаралық стандарттардың талаптарын бұзу деп қабылдауға болады. «Тіркеу дегенді алып тастау қажет. Тіркеу процедурасы дін саласындағы заңсыз әрекетерге ешқашан да тежеуші күш бола алмайды деген ойымды көп жылдар бойы айтып келемін. Экстремистік топтар тіркелмейді, тіпті тіркелу олардың ойына да кірмейді. Бұл тұрғыда тіркеудің ешқандай маңызы жоқ, бұл жай ғана заңды тұлға мәртебесін алу процедурасы. Өркениетті демократиялық елдерде діни бірлестіктерді міндетті түрде тіркеу деген атымен жоқ және ешқашан болған емес»

Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің сайтында орналастырылған Діни сенім бостандығы туралы 2021 жылғы баяндамада, жергілікті және халықаралық бақылаушылардың ақпаратына сәйкес, Қазақстандағы «дәстүрлі емес» деп саналатын діни бірлестіктерге, соның ішінде ресми мойындалған сунниттік ханафи мазхабынан өзгеше исламдық бағыттардың мұсылмандарына және протестант христиандарға қатаң бақылау мен шектеулер қойылатыны жөнінде айтылған. ЕХБ шіркеулер Кеңесі өздерінің биліктен қашық болу ұстанымдарына сәйкес заңды тіркеуден саналы түрде бас тартатындары туралы мәлімдеді. Қауымдастық өкілдері олардың діни кездесулері мен жиындары биліктің бақылауында тұрғанын және полиция оларды бұрынғыдай қадағалап жүргенін хабарлады<sup>60</sup>.

2012 жылдың қыркүйек, қараша және желтоқсан айларында Қазақстандағы «Ехоба куәгерлерінің христиан орталығы» елге 10 дана діни әдебиет кіргізуге рұқсат сұраған болатын. Алайда, Дін істері агенттігімен дінтану сараптамасының теріс қорытындылары негізінде бұл өтініші қанағаттандырылмады.

Осыған орай Полат Бекжан, Леоно Уивер және Хельмут Эхтле азаматтардың ой-пікір, ар-ождан және діни сенім бостандығын шектеу бойынша БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетіне шағым түсірді (хабарлама № 2661/2015). Олар Қазақстанға діни әдебиеттерді өздерінің және діни қауым мүшелерінің пайдалануы үшін әкелгенін, алайда осы конфессиялық қажеттілік үшін дінтану сараптамасының оң қорытындысы берілмегенін жеткізді.

Шағым берушілердің ойынша, діни әдебиеттерді көшіруге, таратуға немесе сатуға тыйым салу азаматтардың сөз бостандығы құқығын шектеп қана қоймай, олардың діни сенім бостандығына да нұқсан келтіреді.

<sup>59</sup>Транскрипт интервью с Р. Подопригорой на тему «Свобода вероисповедания в Республике Казахстан» // Хельм Т. «О свободе вероисповедания в Казахстане»: Доклад. Нур-Султан, 2020. С. 36 – 37.

<sup>60</sup>Казахстан: Доклад о свободе вероисповедания за 2021 год <https://kz.usembassy.gov/ru/2021-report-on-international-religious-freedom-kazakhstan/>



Сондықтан Дін істері агенттігінің діни басылымдарды әкелуге рұқсат беруден бас тарту шешімі шағым берушілердің, сондай-ақ діни азшылық болып саналатын Ехоба куәгерлерінің барлық мүшелерінің құқықтарын бұзып отыр.

Комитет шағым беруші азаматтардың өздерінің діни ұстанымы мен қызметіне қатысты мемлекеттік органның қойған шектеулері негізсіз екендігін басшылыққа алып, діни басылымдарды әкелуге рұқсат бермеу дін ұстану еркіндігіне қайшы және Пактінің 18-бабының 1-тармағында бекітілген құқықтарды бұзумен тең деген қорытындыға келді<sup>61</sup>. Комитет мүшелерінің пікірінше, мемлекеттік орган тыйым салынған басылымдардың қандай да бір мүдделерге қауіп төндіруін айқындайтын дәлелдер келтірмеді. Осы орайда, Комитеттің қорытындысына сәйкес, құқық бұзу жағдайы орын алған мемлекет дін саласындағы заңнаманы жетулдіруі қажет.

Осы талдау аясында, [firgrom.kz](http://firgrom.kz) басылымы хабарлағандай, Қазақстан адам бостандығы индексінің рейтингі бойынша әлемнің 162 елінің ішінен 75-ші орында тұрғанын атап өткен жөн. Қазақстанның индексі 6,99 құрады – бұл көрсеткіш ЕАЭО құрамындағы Беларусь және Ресейге қарағанда жоғары болғанымен, Армения және Қырғызстан елдерінен төмен болып шықты.

Бостандық индексі адамдардың қаншалықты шектелетінін немесе мәжбүрленетінін көрсетеді. Елдердің АЖС көрсеткіші адам өмірінің 12 саласындағы жеке тұлғалық, азаматтық, экономикалық бостандықтарына жататын 76 көрсеткіш негізінде есептеледі:

- заңның үстемдігі;
- қауіпсіздік;
- қозғалыс еркіндігі;
- діни сенім бостандығы;
- қауымдастықтар мен азаматтық қоғам бостандығы;
- сөз және ақпарат бостандығы;
- бірегейлік және жеке қарым-қатынас үлгісін таңдау еркіндігі;
- үкіметтің мөлшері;
- құқықтық жүйенің сапасы және меншік құқығын қорғау;
- сенімді ақша қол жетімділігі;
- халықаралық сауда еркіндігі;
- бизнес, еңбек, кредит саласының еркіндіктері.

Алғашқы жеті сала бойынша адамның жеке басының құқықтары ескеріледі, Қазақстан осы индекстар бойынша 90-шы орында, ал экономикалық еркіндік индексіне жататын соңғы бес сала бойынша 73-ші орынға тұрақтаған. Жеке бас бостандығы индексін

саралайтын болсақ, Қазақстан келесі бөлімдерде айтарлықтай жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгенін атап кетуге болады: қауіпсіздік – 10-нан 9; бірегейлік және жеке қарым-қатынас үлгісін таңдау еркіндігі – 10-нан 9; қозғалыс еркіндігі – 10-нан 8,3<sup>62</sup>.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2021 жылғы қызметі туралы «Діни сенім бостандығы» баяндаманың 2.1.3 бөлімінде Уәкілдің атына діни сенім бостандығы құқығын қорғау мәселелері бойынша 17 өтініш келіп түскені жөнінде айтылады. 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда (барлығы 10 шағым) өтініштер саны 70%-ға артып отыр.

Азаматтардың шағымдарын екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. азаматтардың діни ұйымдардың үгіт-насихат қызметі бойынша шағымдары (12);
2. діни бірлестіктердің құқықтарын қорғауға көмек көрсету бойынша өтініштер (5).

Бірінші санат бойынша шағымдар жеке тәртіппен, ұжымдық өтініш тәртібімен және құқық қорғау ұйымдарынан келіп түсті. Келіп түскен 12 шағым белгілі бір діни ұйымның «Қазпошта» арқылы хат жолдау, мессенджер арқылы бейнелер жіберу, күнде қоңырау шалу жолымен идеологиялық қысым көрсету мәселесімен байланысты. Ұжымдық формада әзірленген 3 шағым Алматы облысының ауыл тұрғындарынан жолданған. Шағым берушілердің айтуынша, жергілікті діни бірлестіктердің іс-әрекеттері ауыл тұрғындары мен олардың отбасыларына психологиялық тұрғыдан теріс әсер етуде.

Шағым қайтадан келіп түскен соң ҚР АҚДМ бұл жағдайды бақылауға алды. Министрлік діни бірлестік өкілдеріне діни қауым мүшелерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, азаматтардың құқықтарын бұзуға жол бермеу, оның ішінде «Қазпошта» арқылы хаттар жіберу және қоңырау шалу арқылы діни көзқарастарды насихаттау әрекеттерін алдын алу қажеттілігі жөнінде ұсыныс жолдады.

Аталған баяндамадан көріп отырғанымыздай, 2021 жылы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің қызметі негізінен діни бірлестіктердің қызметінен зардап шектік деп санайтын адамдардың шағымдарымен байланысты болды. Алайда, баяндамада діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманың дін бостандықты шектеу тұрғысынан талдау немесе қорытынды берілмеген. Діндарлар мен діни ұйымдардан шағымдардың аз болу жағдайын қолданыстағы заңнаманың репрессивті сипатта болып, мемлекеттік органдардан қолдау табу қиындығымен байланыстыруға болады.

<sup>61</sup> Соображения, принятые Комитетом по правам человека в соответствии с п. 4 ст. 5 Факультативного протокола относительно сообщения № 2661/2015 – 10 июня 2015 г. //CCPR/C/130/D/2661/2015

<sup>62</sup> Казахстан оказался на 90-м месте в рейтинге по личной свободе <https://kazislam.kz/kazakhstan-okazalsya-90-m-meste-v-rejtinge-po-lichnoj-svobode/>

# 2.3

## Діни сенім бостандығы құқығын іске асырудың өзге де мәселелері

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңында миссионерлік қызметті тіркеу міндеттілігі белгіленіп, осы бағытта қатаң талаптар қойылады:



### «8-бап. Миссионерлік қызмет

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.
2. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары құжаттар берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізеді. Миссионер ұсынған материалдар бойынша қорытынды алу үшін дінтану сараптамасын жүргізу кезінде тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады.
3. Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарында жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті.
4. Миссионерлер тіркелу үшін жергілікті атқарушы органдарға мынадай құжаттар мен материалдарды:
  - 1) паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесін;
  - 2) миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтінішті;
  - 3) діни бірлестіктің атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген құжатты;
  - 4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы және өкілі миссионер болып табылатын діни бірлестік жарғысының көшірмесін;
  - 5) миссионерлік қызметке арналған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар миссионер ретінде тіркелу үшін жергілікті атқарушы органдарға мынадай құжаттарды:

- 1) миссионер өкілдік ететін діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгендігін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжатты;

- 2) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыруын қосымша ұсынады. Шет мемлекеттер берген құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығы Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған және аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының төлнұсқалығы Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған түрінде табыс етіледі.
5. Миссионер ретінде тіркеуден өту үшін құжаттар ұсынған Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды дінтану сараптамасының теріс қорытындысы негізінде, сондай-ақ, егер олардың миссионерлік қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса, тіркеуден бас тартылады.
6. Миссионерлердің діни мазмұндағы материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануына дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін жол беріледі».

Конрад Аденауэр қорының ҚР-дағы өкілдігінің «Қазақстандағы діни сенім бостандығы туралы» баяндамасында Қазақстандағы шағын діни қауымдастықтардың басынан өткізетін қиындықтарын суреттеу үшін Ехоба куәгерлерінің оқиғасы туралы баяндалған. 2018 жылы осы бірлестіктің 9 ерушісі діни сенімдерін насихаттағаны үшін жауапқа тартылды. Ол үшін ҚР ӘҚБтК 490-бабының 3-тармағындағы мемлекеттік тіркеусіз жүргізілген миссионерлік қызметке тыйым салатын нормалар қолданған. Сонымен қатар, мемлекетте миссионерлік әдебиеттер мен ақпараттық материалдарды таратуға да тыйым салынады. Тіпті оларды өзінде сақтаған жағдайда да айыппұл салынуы мүмкін»<sup>63</sup>.

Тәуелсіз сарапшылар тіркеусіз жүргізілген миссионерлік қызмет (әкімшілік құқық бұзушылық) және діни сипаттағы қарапайым әңгіме (пікір алмасу) арасындағы айырмашылықты сақтау жөнінде төменде көрсетілген пікірлерін білдірді.

Анонимді сарапшының пікірінше, миссионерлік әңгіменің мақсаты – прозелитизм:

<sup>63</sup> Хельм Т. «О свободе вероисповедания в Казахстане»: Доклад. Нур-Султан, 2020. С. 25.



**Әрбір діни бірлестіктің нақты міндеті бар – өз дінің кеңінен тарату. Бұны бір кереғар құбылыс ретінде қабылдаудың қажеті жоқ. Діни сипаттағы әңгімелер тек белгілі бір дін аясында ғана емес, атеистер мен зайырлы адамдар арасында да, ғылыми ортада да жүргізілуі мүмкін. Бұл мүлдем бір біріне ұқсамайтын бөлек арналар, айырмашылық айқын көрініп тұр».**

Данил Буглов тепе-теңдікті қалай табуға болатынын және оны мүлдем іздеу керек пе, жоқ па, білмейтінін мойындады, өйткені салалық заңда дін туралы қарапайым әңгіме мен миссионерлік қызмет арасындағы нақты шекара көрсетілмеген. «Менің әңгімемнің мақсаты миссионерлік қызмет деп саналу үшін мен қарсы отырған адамға мен сізді дінге тартып жатырмын деп айтуым керек пе, сондай-ақ әңгіме барысында ол адам, бастапқыда мұндай мақсат болмаса да, кездейсоқ менің қатарыма «қосылса» не болады? Яғни, кез келген діни тақырыптағы әңгімені, әсіресе бір адам екіншісіне өз діни туралы ұзақ айтып отырған жағдайда тіркеусіз жүргізілген миссионерлік қызмет деп айып тағуға болады».

Александр Клюшевтің пікірінше, жаңа жақтастарды тарту барлық діндерге тән ерекшелік, ал миссионерлік қызметті тіркеу талабы адамның діни бостандық құқығын шектеу болып табылады.

Теолог маманның пікірінше, бұл мәселеде тепе-теңдікті табу өте қиын:



**Керек болса діни тақырып бойынша әңгімелескен немесе сұхбат берген кез келген адамды жазалауға болады. Тіпті, діни мерекемен құттықтаған адамды да заң бойынша жазалау мүмкін болып тұр ғой».**

Евгения Жовтис егер сіз бұл мәселеге дискриминация тұрғысынан қарамасаңыз, онда бұл жағдайды діни сенім бостандығы құқығының пайдасына шешу қажет деп санайды: «мен өзіме ұнайтын нәрсені, оның ішінде зияды көзқарастарды насихаттай аламын, бірақ бұған тыйым салынбайды және алдын-ала

рұқсат алу қажет емес, ал біздің елдегі дін саласы оқшау қарастырылып, мүлдем қажетсіз міндеттер мен шектеулер қолданылады».

Нұсқаулықтар арқылы діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған стационарлық үй-жайлардың орналасуын регламенттеу жұмысы мемлекеттік-конфессиялық жағдайды одан сайын күрделендірді<sup>64</sup>.

Нұсқаулықтың 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, «діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған стационарлық үй-жай (бұдан әрі - стационарлық үй-жай) – сауда жасайтын, қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық бөлмелермен қамтамасыз етілген, сондай-ақ діни әдебиеттерді, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды қабылдау, сақтау және сатуға дайындайтын бөлмелері бар күрделі стационарлық ғимарат немесе ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерде орналасқан оның бір бөлігі».

Осы Нұсқаулықтың 8-тармағы ерекше назар аударуға лайық, оған сәйкес «діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жай үй-жайларда (ғимараттарда) орналастырылады және мынадай талаптар қойылған:

- 1) жалпы ауданы 20 шаршы метрден бастап 100 шаршы метрге дейін;
- 2) дәрет алу үшін қажетті санитарлық тораппен қамтамасыз етілуі;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық саладағы нормативтік құқықтық актілерге сай келуі;
- 4) күзетті басқару пультына тікелей шығатын, діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайды толық қамтитын бейнекамералармен жабдықталуы керек».

Көріп отырғаныңыздай, санитарлық-эпидемиологиялық саласындағы НҚА-ның нақты берілмеген талаптары құқық қолданушыға осы норманы еркін жән өзінше түсінуге мүмкіндік береді, ал үй-жайды бейнекамерамен жабдықтау туралы талапты жеке өмірге және діни сенім бостандығына қол сұғу ретінде бағалауға әбден болады.

Түзету мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету бағыты да талдауды қажет етеді.

<sup>64</sup> Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрінің 2017 жылғы 9 маусымдағы «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы стационарлық үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» № 89 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015432>

ҚР Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 8 тамыздағы № 503 бұйрығымен бекітілген «Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың діни жораларды орындауы үшін жағдайлар жасау жөніндегі нұсқаулық» өзінің негізгі бөлігінде діни қызметшілердің түзету мекемелеріне келу тәртібін және тиісті өтініш беру процедурасын реттейді. Сондай-ақ, Нұсқаулықтың 11-тармағына сәйкес, «сотталғандарға салт жораларды мекеменің күн тәртібімен көзделген жеке уақытта өзінің ұйықтайтын орнының жанында жеке орындауға рұқсат етіледі. Бұл мақсатқа үй-жай бөлінбейді».

Нұсқаулықтың 14-тармағы бойынша «ҚАК-нің 97-бабына сәйкес сотталғандардың діни жораларды орындауы мекеме қызметіне кедергі келтірмеуі, ішкі тәртіпті бұзбауы, сондай-ақ жазаларын өтеп жатқан басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін шектемеуі тиіс»<sup>65</sup>.

Бұл жерде «жазаларын өтеп жатқан басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін шектемеу» деген сөздердің өте кең мағыналы анықтамасы берілген және түзеу мекемесінің қызметкерлері тарапынан сотталғандардың діни сенім бостандығы құқығын бұзу тәуекелдерін тудырады. Мысалы, бес уақыт намазды исламда нақты белгіленген уақытта оқу (оның ішінде таңғы және түнгі намаздар бар) жазаларын өтеп жатқан басқа сотталушылардың демалыс және түнгі ұйқы құқығына нұқсан келтіру ретінде түсіндірілуі мүмкін. Сондай-ақ, сотталғандардың арасында әртүрлі діндердің өкілдері болып, сәйкесінше тағамдардағы шектеулерге байланысты шиеленіс жағдайлары орын алуы ықтимал. Сол себепті бұндай жағдайлар түзету мекемелерінде діни бостандық құқығы нақты реттелуді, сондай-ақ сотталғандар үшін арнайы намаз бөлмелерін құруды талап ететіні анық.

Бұл ретте Мадан Мұхлисовтың діни себептермен көрсетілген жазалау және кемсіту туралы шағымы бойынша БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің шығарған шешімін (№2457/2014 хабарлама) атап кетуге болады.

М.Мухлисов Аршалы ауылындағы түзету мекемесінде жазасын өтеп жүргенде намазға келгенін баяндады. Ол дұға етіп, құран оқып, ораза ұстаған. Сол кезде ол Аршалы түзету колониясының әкімшілігі тарапынан өзінің діни сеніміне байланысты ұзақ уақыт бойы қысымға ұшыраған. Мысалы, әкімшілік оны басқа сотталғандардан жиі және негізсіз оқшаулап, медициналық көмек көрсетуден және туыстарымен кездесуден айырады, сондай-ақ моральдық қысым мен қатыгездіктің басқа түрлерін көрсетеді.

Әкімшілік оның ғибадат етуіне үнемі кедергі келтіріп, діни әдебиеттерді тартып алған және сақалын қыруды талап етіп отырған.

М.Мухлисов колония әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбауды жалғастырып, осы үшін оған қылмыстық жауапкершілікке тарту ықтималдылығы туралы ресми ескерту жасалады. Нәтижесінде аудандық сот түзету мекемесі әкімшілігінің талаптарына бағынбаған Мухлисовты қосымша бір жылға бас бостандығынан айыруға жөнінде үкім шығарады.

БҰҰ-ның Комитеті аталған шағымды жан-жақты қарастырып, бұл жағдай діни рәсімдерді жүзеге асыруға кедергі жасалуы Пактінің 18-бабының 1-тармағын бұзу болып табылмайды деген қорытындыға келді. Комитет егер түзету мекемесінің жұмыс жүргізуіне кедергі келтірілмесе, барлық сотталғандарға өз камераларында діни рәсімдерді орындауға рұқсат етілетінін назарға алып, шағымданушы діни рәсімдерді орынсыз уақытта жасағандығы туралы шешім шығарды. Комитет мекемедегі тәртіпті сақтау үшін белгілі бір шектеулерді енгізу орынды деп санайды. Сондай-ақ, Комитет М.Мухлисовтың сақалын алу туралы шағымын қарастыра отырып, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес сотталғандардың шаштарын бір жарым сантиметрге дейін қысқарту (сотталған әйелдерді қоспағанда), мұрттарын ұқыпты етіп кесу және сақалдарын толық алу тазалық сақтау талабы ретінде түсіндірілгенімен, бұл ережелер не себептен мемлекетпен міндеттелетіні жөнінде түсініспеушілік танытты.

Комитеттің пікірінше, халықаралық міндеттемелерге қол қойған мемлекет тарапынан шағым берушінің діни көзқараспен түсіндірілетін сыртқы келбетіне қатысты қолданған шектеулер бойынша қанағаттанарлық негіздеме берілмеді, сондықтан ислам дініндегі адамға сақал өсіруге тыйым салуды оның діни сенім бостандығына қайшы әрекеттер ретінде қарастыруға және мемлекеттік органдармен Пактінің 18-бабының 1-тармағын бұзуға жол берілді деген пайым жасауға толық негіз бар<sup>66</sup>.

<sup>65</sup> Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 8 тамыздағы «Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың діни жораларды орындауы үшін жағдайлар жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» № 503 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V14C0009722>

<sup>66</sup> Сообщения, принятые Комитетом по правам человека ООН в соответствии с п. 4 ст. 5 Факультативного протокола относительно сообщения № 2457/2014 от 19 января 2021 г. //CCPR/C/130/D/2457/2014



# ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕР, АР-ОЖДАН ЖӘНЕ ДІН БОСТАНДЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

ҚР Конституциясының 22-бабының 1-тармағына сәйкес, «әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар». ҚР Конституциясының 12-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» деп көрсетілген. ҚР Конституциясының 12-бабының 2-тармағы бойынша «адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады».

**Ар-ождан бостандығына келетін болсақ, жеке тұлға бұл субъективті құқықты өз өмірінде жүзеге асыратыныдығын білдіреді, яғни оған кез келген дінді жеке**

**дара немесе өзге азаматтармен бірлесіп ұстануға, немесе ешбір дінді мүлдем ұстанбауға мүмкіндік берілетінін көрсетеді. Демек, салалық заңнамалық акт ең алдымен адамның діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыру кепілдіктерін қамтуы тиіс.**

Яғни, салалық заңнама діни бірлестіктердің қызметін қадағалау тетіктерін күшейтіп, өзінің нысаналы мақсаты бойынша ар-ождан бостандығы құқықтарын іске асыру аясында заңғы қайшы келуі ықтимал әрекеттерден қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікті реттеуге бағытталған.

## 1

Қазақстандағы діни бірлестіктерді тіркеу тәжірибесіне қарайтын болсақ, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңында қолданылатын терминдерді дұрыс түсіну мәселесі туындайды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының «Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар» деп аталатын 1-бабының 1-1) және 4) тармақтарында «діни қызмет» және «діни бірлестік» ұғымдарына келесі анықтамалар берген:

«діни қызмет – діндарлардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет»;

«діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі».

# 1

**Заңда «діни бірлестік» ұғымының анықтамасын нақтылау мақсатында оны мынадай редакцияда жазуды ұсынамыз:**

«діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі;».

# 2

Дінтану сараптамасын жүргізу үшін сарапшыларды іріктеудің процедурасында және қойылатын талаптарда қайшылықтар анықталды, оларды жүзеге асыру ба-рысында заңнама нормаларын өз бетінше қолдану тәуекелдері орын алуы мүмкін.

Мәселен, «діни қызмет саласында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесі бар са-рапшылар» деген анықтаманың ауқымы тым кең болып табылады, сол себепті бұл норманы өз ойынша пайымдауға және дінтану сараптамасын жүргізу үшін бұл салаға қатысы жоқ немесе тиісті білімді терең игермеген адамдарды тартуға мүмкіндік береді. Жалпы айтқанда, тиісті біліктілігі жоқ «сарапшы» дінтану са-раптамасын жүргізуге тартылған жағдайда, оның тарапынан «діни көзқарастар мен культтік тәжірибенің жақтастары мен қоғамның басқа мүшелеріне теріс әсер ету ықтималдығын бағалау» кезінде қате қорытындылар шығару ықтимал-дылығы жоғарылай түседі.

Тіпті, арнайы дипломы бар сарапшының өзі де сараптама объектісін зерделеу кезінде ҚР Конституциясы мен заңнамасының нормаларына қайшы келетін жағдайларды немесе азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін тәуекелдерді байқамауы мүмкін – кейбір тәжірибелі заңгерлер де бұл мәселе-лерді бағалау барысында қателіктер жіберіп жатады.

**Осы орайда, кешенді-комиссиялық дінтану сараптамасын жүргізу тәжірибесін енгізу және дінтану сараптамасын жүргізуге кемінде үш маманды жұмылдыру, оның ішінде жоғары заң білімі және заң саласында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесі бар сарапшы қатысуын қамтамасыз ету аталған мәселенің қысқа мерзімді перспективадағы шешімі деп есептейміз. Діни бірлестік тіркелуінің дінтану сараптамасының нәтижелеріне тәуелділігі қосымша әкімшілік кедергі болып табылады, сондай-ақ сарапшыларды іріктеуде, олардың құзыреті мен біліктілігіне нақты критерийлердің болмауы азаматтардың діни сенім бостан-дығы құқығын қамтамасыз ету бағытында тәуекелдер орын алуына ықпал етеді.**



Алайда, жалпы алғанда мемлекеттің діни бірлестіктерді, миссионерлерді тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайтын дінтану сараптамасын жүргізуі халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Дінтану сараптамасы билікті теріс пайдалануға немесе азаматтарды кемсітуге көптеген мүмкіндіктер беріп, дін бостандығын қорғау талаптарына сәйкес келмейді. Дінтану сарапта-масы өзінің мәні бойынша Қазақстан Конституциясында тыйым салынған цен-зураға барабар болып табылады.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы дінтану сараптама-сын жүргізуге байланысты норманы келешекте алып тастауды ұсынамыз.

# 3

Жаһанданған әлемде экстремистік діни ағымдардың таралу тенденциясы кез келген мемлекетті аландатпай қоймайтыны анық. Алайда, зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу бойынша мемлекеттік саясаттың ұстанымдары жергілікті азаматтардың діни сенім бостандығына қатысты конституциялық құқықтарына және мемлекеттің зайырлылығына қайшы келмеуі тиіс. Діни бірлестіктерді тіркеу мәселелерінен азаматтардың діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тарту тәуекелдері туындайды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 12-бабының 1-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасында: жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктер құрылуы және әрекет етуі мүмкін».

Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматының бастамасы бойынша құрылған, бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет ететін діни бірлестік жергілікті діни бірлестік болып танылады». Кем дегенде 50 азаматтың бастамасы туралы осы норманы іс жүзінде іске асыру өте қиын болуы мүмкін. Бастамашы мүшелердің діни бірлестік құру үшін қажетті азаматтардың санын жинауға деген талпынысы олардың өзге азаматтарды жасанды түрде өз қатарына қосу әрекеттеріне итермелейді. Бұл жағдайда бастамашы азаматтардың әкімшілік жауапкершілікке тартылу қаупі орын алады.



**Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге сәйкес, діни бірлестіктерді міндетті тіркеу процедурасын жоюды және адамдардың ресми ұйымдар құрмай-ақ, діни сенімді еркін ұстануға жағдай жасауды ұсынамыз.**

# 4

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманы бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-ның 490-бабында құқық қолданушылар көп жағдайда кеңінен түсінетін нормалар қарастырлған. Мысалы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 7-бабының 2-тармағында «құдайға құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) және оларға бөлінген аумақта, құлшылық ету орындарында, діни бірлестіктер мекемелері мен үй-жайларында, зираттар мен крематорийлерде, жақын жерде тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделері сақталған жағдайда тұрғын жайларда, қажет болған кезде қоғамдық тамақтандыру объектілерінде бөгетсіз жүргізіледі (жасалады). Өзге жағдайларда діни іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады» деп анықтама берілген.

Бұл баптағы «жақын жерде тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделерін сақтау» сөздері кең және жалпылама түрде беріліп, құқық қолданушылармен еркін интерпретация жасауға жол ашады.

ҚР ӘҚБтК-де әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамында «діни көзқарас» қосымша сипаттама ретінде кездесетін өзге де баптар бар (489, 453-баптар). Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша осы зерттеуде баяндалған кейстер адамның діни бостандығын сақтау, тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпарат тарату және «әкімшілік құқық бұзушылық» жасау арасындағы шекараның ұштасып жатқандығын тағы да айқындап отыр.



# 4

ҚР ӘҚБтК-дегі әкімшілік құқық бұзушылықтардан бөлек, ҚР Қылмыстық кодексінде азаматтардың діни ұстанымдармен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамы қарастырылған (174, 404, 405-баптар).

**Осы ретте, діни бірлестіктердің, олардың басшылары мен жекелеген діндарлардың қолданыстағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылығы бөлігінде әкімшілік және қылмыстық заңнаманың ережелерін заң саласындағы айқындылық пен болжамдылық қағидатына, сондай-ақ заңды мақсаттарға үйлесімділік (пропорционалдылық) қағидатына сәйкес келтіру мәселесін назарға алу ұсынылады**

**Сондай-ақ, қылмыстық заңнамадағы «діни алауыздықты қоздыру» және «зорлық-зомбылық экстремизмді» насихаттау жағдайында көзделген жауаптылыққа тарту ережелеріне нақты әрі айқын анықтамалар енгізу қажет деп санаймыз.**

# 5

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 3-бабының 7-тармағында «ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ» деген талап бекітілген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» (1-тармақ), «Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады» (2-тармақ).

**Осы орайда, діни сенім бостандығын қамтамасыз ету саласында орын алатын қайшылықтарды ескере отырып, діни себептермен әскери қызметтен бас тартқан азаматтар үшін әлеуметтік пайдалы қызметтің басқа түрін (мысалы, қарттар үйлерінде, хоспистерде, ауруханаларда және т.б.) балама әскери қызмет ретінде енгізу мәселесін қарастыруды ұсынамыз.**



# 6

Қазіргі таңда діни бас киім кию құқығы өзекті әлеуметтік-практикалық мәселелердің біріне жатады. Конституциялық құқық саласына арналған зерттеулерде бас киім діни бостандық құқығын жүзеге асырудың көрінісі ретінде қарастырылады.

Дегенмен, «Мектеп формасына қойылатын талаптардың»<sup>63</sup> 13-тармағында қолданған «түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтері» деген анықтама тым кең мағынада беріліп, қоғамда әртүрлі түсініктерді қалыптастырды.

<sup>63</sup> Приказ Министра образования и науки РК от 14 января 2016 года № 26 «Об утверждении Требований к обязательной школьной форме для организаций среднего образования» <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013085>



# 6



Сот кезінде, бір жағынан, азаматтардың конституциялық құқықтары (орта білім алу құқығы, діни сенім бостандығы құқығы) және, екінші жағынан, мемлекеттің зайырлылығы жөнінде (Білім және ғылым министрі және оқу орындарының әкімшілігі өз бұйрығын негіздейтін) конституциялық ережелер арасында қайшылық орын алатынын ескерсек, онда ҚР Конституциялық Кеңесі (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Конституциялық Соты) орта білім саласындағы «Мектеп нысанына қойылатын талаптардың» 13-тармағының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестілігін нақты айқындауы тиіс.

**Осыған орай, «Білім туралы» заңда және Еңбек кодексінде азаматтардың (сәйкесінше оқушының немесе қызметкердің) діни киім кию еркіндігін, оның ішінде оқу немесе жұмыс орнында діни себептермен бас киім кию құқығын көрсету ұсынылады.**



Жүргізілген кешенді талдау нәтижелеріне, сарапшылардың ұсынымдарына және діни сенім құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық ережелерге сүйене отырып, «Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығы туралы» жаңа заңды әзірлеуді және қабылдауды ұсынамыз.



Талдау материалдары «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ-ның (Астана, Қазақстан) және Мереке Ғабдуалиевтың (заң ғылымдарының кандидаты, конституционалист, Батыс Қазақстан облысының адвокаттар алқасының мүшесі) бірлесіп жүргізген жұмысының нәтижесінде әзірледі.

Сұхбатқа келісім берген сарапшыларға алғыс білдіреміз:

1. **Роман Подопригора** – дін және құқық саласы бойынша сарапшы, Caspian University жанындағы Қоғамдық құқық ҒЗИ директоры,
2. Данил Буглов – дінтанушы, дін және сенім бостандығы саласы бойынша сарапшы,
3. **Александр Ключев** – Қазақстанның Діни бірлестіктері қауымдастығының басшысы, дін және сенім бостандығы саласы бойынша сарапшы,
4. Ержан Байбол – дін саласы бойынша сарапшы, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистрі,
5. **Беимбет Манетов** – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің Діни қызмет саласындағы құқық қолдану практикасы басқармасының басшысы,
6. **Алексей Килдишов** – «Жаңа өмір» Библиялық орталығының заңгері, Алматы қ., директордың сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары, Қазақстанның діни бірлестіктері қауымдастығының діни құқықтары мен бостандықтары саласындағы сарапшы,
7. **Евгений Жовтис** – заңгер-құқықтанушы, Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюроның директоры, Халықаралық заңгерлер қауымдастығының адам құқықтары институты кеңесінің мүшесі.
8. Анонимділік сақтауды қалаған басқа сарапшыларға.





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫНЫҢ  
ЖАЙ-КҮЙІН, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ  
ТАЛДАУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ШОЛУ**

«Қазақстандағы діни сенім бостандығы» жобасы  
Т.: +77014090668, E.: [ayan@iwpr.net](mailto:ayan@iwpr.net), W.: [www.belief.cabar.asia](http://www.belief.cabar.asia)  
© Соғыс және бейбітшілік репортаждарының Институты



[belief.cabar.asia](http://belief.cabar.asia)



[rfkz.belief.cabar.asia](http://rfkz.belief.cabar.asia)



[belief.cabar.asia](http://belief.cabar.asia)



[cabar.asia](http://cabar.asia)



[instagram.com/beliefcabarasia](https://www.instagram.com/beliefcabarasia)